

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им.И. Алтынсарина



**Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу,
дамыту және әлеуметтік бейімдеуді педагогикалық қолдау моделі**

Әдістемелік ұсынымдар

**Модель педагогической поддержки обучения, воспитания,
развития и социальной адаптации детей с особыми
образовательными потребностями (детей – оралманов; детей-
мигрантов; детей, оказавшихся в трудной жизненной ситуации)**

Методические рекомендации

Астана
2016

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2016 жылғы 20 желтоқсандағы №11 хаттама).

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 11 от 20 декабря 2016 года).

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік бейімдеуді педагогикалық қолдау **моделі**. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 39 б.

Модель педагогической поддержки обучения, воспитания, развития и социальной адаптации детей с особыми образовательными потребностями (детей – оралманов; детей- мигрантов; детей, оказавшихся в трудной жизненной ситуации). Методические рекомендации. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2016. – 37 с.

Бұл құралда ЕБҚ бар балалардың әрбір санаты бойынша республика мектептерінің тәжірибесінде ерекше қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау ерекшеліктері көрсетілген. Құралда ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қолдау моделін қалыптастыру бойынша ұсынымдар берілген.

Әдістемелік ұсынымдар облыстық (қалалық, аудандық) әдістемелік кабинеттерінің басшылары мен әдіскерлеріне, білім беру ұйымының басшыларына, педагогтері мен мамандарына арналған.

В данных методических рекомендациях представлены особенности психолого-педагогической поддержки обучающихся с особыми потребностями на опыте школ республики отдельно по каждой категории детей с ООП. В пособии предложены рекомендации по формированию модели педагогической поддержки обучения и воспитания обучающихся с особыми образовательными потребностями.

Методические рекомендации адресованы руководителям и методистам областных (районных) методических кабинетов, руководителям организаций системы образования, учителям.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2016
© Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина, 2016

Кіріспе

Қазіргі қоғамның заманауи дамуы кезеңінде бір жағынан алып қарағанда кіріктіруге бағытталған (техникалық және технологиялық жүйелердің, ақпараттық-коммуникативтік құралдардың дамуы), екінші жағынан қарағанда адамзаттың дербестікке ұмтылып қоғамнан оқшаулана бастауы анық байқалатын, жалпы әлеуметтік өмірдің қарама-қайшылықтарға толы динамизмі нақты көрініс беріп отыр.

Көптеген күнделікті мәселелер, нақты өмірдің тауқыметі, қоғамның өзгеру деңгейлерінің жылдам алмасуы адамдардан жоғары белсенділікпен қатар алға ұмтылуды, ізденімпаздықты және де үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Сондықтан болар, заманауи әлеуметтік жағдай өмір мен тұрмыстың бітпейтін мәселелерін, әрбір жаңа буынның, әрбір жеке адамның алдында тұрған және жалпы адамзатта қалыптасқан мәдени-тұрмыстық түсініктер мен шешімдерге тәуелсіз түрде, жаңаша тұрғыда қайтадан ой елегінен өткізуді алдыңғы орындардың біріне шығарып отыр.

Қазіргі қоғамда заманауи әлеуметтік- экономикалық ахуалда өсіп келе жатырған жас ұрпақтың нақты да сенімді әлеуметтік бағыттарды жоғалтып ала бастағаны байқалады. Әлеуметтендірудің қалыптасқан дәстүрлі формаларының қазіргі заманға лайықталмаған жарамсыздығы, олардың бір жолды таңдауын, яғни жастардың өз болашағы үшін өздерінің жауапкершілігі жоғары болуын талап етеді. Бұл жағдайда жастар мен жасөспірімдердің заманауи қоғамдық қатынастарға бейімделмегендігі мен дайын еместігі көптеген маңызды мәселелердің туындауына себеп болады. Бұл мәселелерге тән ортақ белгі бұл өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту қазіргі заманның талаптары мен тілектері ескеріле отырып жүргізілуі керек.

Қазіргі күрделі әлеуметтік даму жағдайында, құндылықтар мен әлеуметтік нормалардың өзгере бастаған заманында, отбасында берілетін тәрбиенің ықпалы азайған заманда балаларды психологиялық-педагогикалық тұрғыда қолдаудың маңызы өсетіні белгілі. Педагог пен баланың қарым-қатынасындағы ұстанымдар мен парадигмалар да өзгереді: «оқушы мен оқытушы» орнына, «адам мен адам» парадигмасы қалыптаса бастайды.

Балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бұл - баламен кеңесе отырып оның жеке қызығушылықтарын анықтау, оның белгілі бір мақсаттарға деген ұмтылыстары мен мүмкіндіктеріне қолдау көрсету, оның адами қасиеттері мен құндылықтарын сақтай отырып дамуына, оқыту нәтижелеріне өз бетінше қол жеткізуіне, өзін-өзі тәрбиелеуіне, көпшілікпен араласуына, өмір сүру салтын қалыптастыруға кедергі келтіретін қиындықтарды жеңуіне көмектесу болып табылады.

Инклюзивті оқыту практикасында психологиялық-педагогикалық қолдау бұл әрбір баланың мүмкіндігі мен қажетіне қарай әлеуметтік- психологиялық және педагогикалық жағдай жасауға бағытталған мамандар тобының қызметтерін қамтиды.

1 Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытуда, тәрбиелеуде, дамытуда және әлеуметтік бейімдеуде психологиялық-педагогикалық қолдау ерекшеліктері

Қазіргі әлемде, сонымен қатар Қазақстанда да әлеуметтік-экономикалық ахуалдары ауыр жағдайдағы отбасылар санының өсуіне байланысты педагогика мен психологияда «өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар» түсінігі жиі қолданыла бастады. Кейінгі жылдары бұл өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау қазіргі күннің көкейтесті мәселелерінің біріне айнала бастағаны да белгілі болды. Бұл мәселенің басты себептерінің бірі өскелең ұрпақтың қалыптасуында айтарлықтай әсері бар, балалар мен жасөспірімдердің дамуы үшін аса маңызды отбасы, білім беру, дем алу уақытын ұйымдастыру, денсаулықты сақтау секілді салаларға әсер еткен соңғы онжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың зардаптары да болуы мүмкін.

Өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар ұғымының мағынасы көптеген мәселелерді қамтитын күрделі мазмұн болып табылады.

Өмірлік қиын жағдайға душар болған балалар қатарына әлеуметтік аз қорғалған және жағдайы төмен отбасылардан шыққан, ата-аналарының қамқорлығынан айрылған, мүгедектігі бар және дамуында бұзылыстары бар, оқыс жағдайларға тап болған, зорлық-зомбылық көрген және де бұл қалыптасқан мән-жайлардың салдарынан тыныс-тіршілігі бұзылған және осы мән-жайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын балалар жатады.

Өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар ұғымына толық түсінік бере отырып, бұл балалардың әлеуметтік-педагогикалық сипаттамасын берудің маңызы бар.

Бала – бұл әрбір жас кезеңіне тән өзіндік морфологиялық, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері бар, үнемі өсу және даму үстіндегі организм [1].

Әрбір бала, өз өмірінің әртүрлі кезеңдерінде, әлеуметтік жағдайына да қарамастан, өзінің де қалауынсыз түрліше қиын жағдайларға тап болып әртүрлі деңгейдегі көмекке, қолдау мен қорғауға мұқтаж болуы мүмкін.

И. Г. Кузина «өмірлік қиын жағдай» ұғымын, «адамның өзінің айналасындағылармен әлеуметтік қарым- қатынасы мен қалыпты өмір сүру дағдыларын объективті түрде бұзатын және субъективті тұрғыдан «күрделі» деп танылатын, ақырында адамды өз мәселелерін шешу үшін арнайы әлеуметтік қорғау қызметтерінің көмегі мен қолдауына жүгінуге мәжбүрлейтін жағдайлар» деп қарастырады [2].

Н. Г. Осухова болса, бұл ұғымды «сыртқы жағдайлардың немесе іштей өзгерістердің әсерінен баланың өмірге бейімделуі бұзылады да, нәтижесінде ол осыған дейінгі қалыптасқан мінез-құлық тәсілдері мен модельдері арқылы өзінің күнделікті өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайтындай күйге жетеді» деп түсіндіреді [3].

«Өмірлік қиын жағдайлар» ұғымын анықтаудағы түрліше көзқарастар мен ұстанымдарды зерттей және саралай отырып, оның нақты белгілерін ажырату мақсатында келесі анықтаманы қарастыруға болады: өмірлік қиын жағдай, бұл – адамның қалыпты және қауіпсіз өмір сүруіне зардабын тигізетін және оның бұл жағдайдан өз бетінше шығып кетуі екіталай. белгісіз болатындай күйге түсуіне жеткізетін күйзелісі». Бұл жағдайда адамға міндетті түрде көмек керек. Әсіресе, өмірлік қиын жағдайларға тап болған балалар көмекке аса мұқтаж болады. Олар үшін, қиын жағдайлардан шығудың мүмкін жолдарын табу өте күрделі мәселе болып табылады. Бұл фактілерді ескере отырып, әлеуметтік-педагогикалық қолдау барысында өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларға көмек көрсетудің барынша тиімді жолдарын табу мен болжау қажет. Мұндай қолдаудағы басты мақсат- баланың қалыпты өмір сүруі мен тәрбиеленуі үшін барынша қолайлы жағдай жасау.

Қазіргі заманда өмір сүретін балалар үшін іс-әрекеттің екі саласы бар, және де олар бала тәрбиесіндегі негізгі институттар болып келеді - бұл, отбасы және білім беру жүйесі. Бала өміріндегі көптеген мәселелер де осы екі институттың әсеріне көбірек байланысты болып келеді.

Бала үшін отбасы – бұл, оның дене бітімінің, психикасының, мінез-құлқының және интеллектісінің жақсы қалыптасып, дамуына ыңғайлы жағдайлар жасайтын орта. Әлеуметтік институт ретінде, отбасының бала өмірі мен тәрбиесі үшін қажет жағдайларды қамтамасыз ете алмауы, өмірлік қиын жағдайда жүрген балалардың пайда болуына әкелетін басты факторлардың бірі болып саналады.

Жалпы әлемдік тәжірибедегі инклюзивті білім беру, білім беруге ерекше қажеттіліктері бар адамдарды оқыту мен тәрбиелеуде жекелей оқыту ұстанымын жүзеге асыруға негізделген.

Білім беруге ерекше қажеттіліктері бар балаларға мыналар жатады:

- мүмкіндіктері шектеулі балалар;
- мигранттардың, оралмандардың, босқындардың, саны аз ұлттар отбасыларынан шыққан балалар;
- қоғамда әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар (жетім балалар, виктимді балалар, девиантты мінез-құлықты балалар, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәртебесі төмен отбасынан шыққан балалар) [4].

Өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар - қалыптасқан мән-жайлардың салдарынан тыныс-тіршілігі бұзылған және осы мән-жайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын балалар; арнаулы білім беру ұйымдарындағы, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарындағы балалар [5].

«Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 114-IV Заңына сәйкес, өмірлік қиын жағдай - адамның тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын, осы Заңда көзделген негіздер бойынша танылған ахуал [6].

Бұл заң бойынша, адам (отбасы) мынадай:

- 1) жетімдік;
- 2) ата-ананың қамқорлығынсыз қалу;
- 3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девианттық мінез-құлық;

3-1) кәмелетке толмағандардың ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуы;

4) үш жасқа дейінгі балалардың туғаннан бастапқы психофизикалық дамуы мүмкіндіктерінің шектелуі;

5) дене және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы;

6) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;

7) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соқтырған қатыгездік;

8) баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);

9) бас бостандығынан айыру орындарынан босау [6].

Қазақстан Республикасындағы балаларға қатысты мемлекеттік саясат, бала мен ананы, отбасын жан-жақты кепілді мемлекеттік қорғауды өзінің маңызды міндеттері ретінде анықтайды.

Әлеуметтік саладағы біртіндеп жүзеге асырылып келе жатырған мемлекеттік саясаттың нәтижесінде демографиялық процесстердегі оң динамика өз жалғасын таба бастады. Елдегі демографиялық ахуалдың жақсаруымен байланысты республикадағы халық саны, сонымен қатар балалар саны да өсіп келеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2015 жылдың 1 қаңтарында республика тұрғындарының саны 17 417 673 адамды құрады (2014 жылдың 1 қаңтарында - 17 160 774), халық санының өсімі 260 мың адам. Әйелдер саны 9 003 150 құрады, ал ерлер - 8 414 523, яғни ерлер саны әйелдермен салыстырғанда 588 мың адамға кем.

2015 жылдың 1 қаңтарында 0 – 17 жас аралығындағы балалар саны 5 298 488 құрады, бұл көрсеткіш 2014 жылы - 5 151 221 болды. Өсім 147 267 адам (2014 ж .- 121 285). Ер балалар саны, қыз балалармен салыстырғанда 141 132 адамға артық (2719810/ 2578678).

Бір жасқа дейінгі балалар саны да жыл сайын артып келеді. 2015 жылы республикадағы бір жасқа дейінгі балалар саны 2014 жылмен салыстырғанда 13 207 адамға көбейді (2014 г.- 383507, 2013 г. -376574).

Орта білімге қолжетімділік құқығы

Қазақстанда орта білімге қол жеткізу құқығы 2,7 мыңнан астам балаларды қамтитын 7 511 мектептерде жүзеге асырылады. Олардың арасында 7160 мектеп (3 161 шағын жинақты мектептерді қоса алғанда) - жалпы білім беретін мемлекеттік күндізгі мектептер, 111 – жекеменшік мектептер, 11 –

халықаралық мектептер, 20 – Назарбаев Зияткерлік мектептері, 100- мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы мектептер.

Орта білім алуға денсаулығына немесе әлеуметтік-экономикалық факторларға байланысты уақытша немесе тұрақты қиындықтарға тап болған адамдар үшін 79 кешкі мектептер жұмыс жасайды, оның 32 түзету мекемелерінің жанында, 7 девиантты мінез-құлқы бар балаларға арналған, оларда 14 288 оқушы білім алады.

Тұтас алып қарағанда, 7160 жалпы білім беретін мемлекеттік күндізгі мектептердің:

- 3777 оқыту қазақ тіліндегі мектептерінде және аралас тілді мектептердегі қазақ сыныптарында 792 223 оқушы;

- 1262 оқыту орыс тіліндегі мектептерінде және аралас тілді мектептердегі орыс сыныптарында - 832 173 оқушы;

- 2088 оқыту қазақ және орыс тілдеріндегі аралас мектептерінде;

- 16 оқыту өзбек тіліндегі мектептерінде және аралас тілді мектептердегі өзбек сыныптарында 80 655 оқушы;

- 13 оқыту ұйғыр тіліндегі мектептерінде және аралас тілді мектептердегі ұйғыр сыныптарында 15 067 оқушы;

- 4 оқыту тәжік тіліндегі мектептерінде және аралас тілді мектептердегі тәжік сыныптарында 4 009 оқушы қамтылған.

Инклюзивті білім беру даму үстінде – мектепке дейінгі және орта білім алу үшін, даму бұзылыстарын түзету және әлеуметтік бейімдеу үшін, сапалы білімге деген қолжетімдікті барлық балалар үшін: денсаулығында қиындықтары бар (мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балалар); қоғамға әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар (девиантты мінез-құлқы бар, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік- психологиялық статустары төмен); қамтамасыз ету мақсатында жағдайлар жасалуда.

Мигрант, оралман, босқын статусы бар отбасыларының (6 мыңнан астам, оның ішінде 889- мектепке дейінгі жастағы, 5358 мектеп жасындағы балалар) балаларына, 24 725 оқушы-репатрианттарға, мектептері жоқ 1523 елді мекендерде тұратын 27 363 балаларға білім алуға мүмкіндік қамтамасыз етіліп отыр.

Қазақстан Республикасында тұрақты өмір сүретін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін де білім алуға деген конституциялық құқығы қарастырылған.

Шетелдік азаматтардың балаларын мектепке қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу ережесін бекіту туралы" №468 Бұйрығына сәкес жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдарының есебіне қарағанда республиканың жалпы білім беретін мектептерінде басқа елдерден келген 20 655 оқушы (2012 жылы -14 374 оқушы) білім алады.

Мигрант балалардың басым бөлігі Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Маңғыстау, Жамбыл облыстарының және Алматы қаласының мектептерінде оқиды.

Республиканың жалпы білім беретін ұйымдарында 11 546 оралман балалар оқиды (2012 жылы 14 950 бала). Олардың 4 734 - бастауыш мектептерде, 5 306 – негізгі, 1 503 - жалпы білім беретін мектептердің жоғары деңгейлерінде оқиды, 3-уі бала кезінен мүгедектер..

Оралман балалардың басым бөлігі, Алматы қ.– 3 218, Шығыс Қазақстан облысында – 1 809, Жамбыл облысында – 1 689, Оңтүстік Қазақстан облысында – 1 527, Ақтөбе облыстарында – 1 078 оқушы білім алады. Облыстық, Астана және Алматы қ.к. білім басқармаларының деректері бойынша 3 мүгедек балалардан басқа, барлық балалар (11 543 бала) білім берумен қамтылған.

Республикада аз ұлттардың балаларына ана тілдерін оқыту үшін де жағдайлар жасалған.

Білім беру ұйымдарында негізгі талаптардың бірі – аз ұлттардың өз ана тілдерін оқып-үйрену құқығын жүзеге асыру орындалады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша республикада 2013/2014 оқу жылында келесі мектептер жұмыс жасады: 57– оқыту өзбек тіліндегі мектептер (2012 жылы 60 мектеп); 14– оқыту ұйғыр тіліндегі мектептер (2012 жылы 14 мектеп); 2– оқыту тәжік тіліндегі мектептер (2012 жылы 2 мектеп). Өзбек тілінде 78 325 (2012 жылы 77 082) , ұйғыр тілінде 14 396 (2012 жылы 14 364) оқушы білім алады. Тәжік тілінде 4 834 (2012 жылы 3 893) оқушы білім алуын жалғастыруда.

Бұл аталғандардан басқа, республика көлемінде өзбек тіліндегі сыныптары бар 91 (2012 жылы 79) , ұйғыр тіліндегі сыныптары бар 48 (2012 жылы 49), тәжік тіліндегі сыныптары бар 9 (2012 жылы 10) аралас тілді мектептер жұмыс жасайды.

Арнайы білім беру – жалпы орта білім берудің құрамына кіре отырып мүмкіндігі шектеулі адамдардың білім алуына арнайы жағдайлар жасауды қарастырады және келесі мәселелерді қамтиды: арнайы оқу бағдарламалары, оқулықтар мен ОӘК, оқытудың арнайы әдістері мен тәсілдері, көмекші компенсаторлық оқыту құралдары; медициналық және әлеуметтік қызметтер.

2015 жылы мүмкіндігі шектеулі балалар саны 141 952 адамды құрады (2014 жылы 138 513 адам). Инклюзивті білім берумен қамтылған:

мектеп жасындағы 46 340 (55%) бала (барлығы мектеп жасындағы 84 120 баладан, қалғандары арнайы мектептерде – 13 722 (14,6%)); арнайы сыныптарда – 11 461 (12,2%) бала; үй жағдайында оқытуда – 10 408 (7,3%) бала; жекеменшік білім беру ұйымдарында – 2 189 (2,3 %) бала; колледждерде – 2 877 (3,0 %) жасөспірімдер;

мектеп жасына дейінгі 14 717 (35,2%) бала (барлығы мектеп жасына дейінгі 41 805 баладан, қалғандары арнайы балабақшаларда –5 159 (12,3%); арнайы топтарда 4 474 (10,8%) бала, психологиялық- педагогикалық түзеу кабинеттерінде (ППТК) және оңалту орталықтарында (ОО) 12 663 (30,2%) бала

түзеу-педагогикалық қолдау алып отыр, үй жағдайында – 683 (1,6%) бала тәрбиеленуде.

Мүмкіндігі шектеулі балалар, тегін әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдаулар алуға; мемлекеттік медициналық мекемелерде, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда немесе медициналық-әлеуметтік сараптау бөлімдерінде тегін тексеруден өтуге; Қазақстан Республикасы заңнамалары аясында бекітілген тегін медициналық көмектер алуға; психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысы бойынша дене бітіміндегі немесе психикасындағы ауытқушылықтардың көріну деңгейлерінің түрліше болуына қарамастан ауытқушылық анықталған күннен бастап тегін психологиялық-медициналық-педагогикалық түзету алуға құқылы.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алудағы құқықтарын жүзеге асыру мақсатында 2015-2016 оқу жылының басында 37 мектепке дейінгі ұйымдар, 100 арнайы мектептер, 51 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, 137 психологиялық- педагогикалық түзеу кабинеттері, 12 оңалту орталықтары, жалпы білім беретін мектептерде 880 логопедиялық пункттер жұмыс жасады.

Қазіргі қоғамды трансформациялаудағы заманауи процесстердің өз кезегінде балаларға қатысты әлеуметтік саясатта да қарама-қайшылықтарды тудыратыны белгілі.

Балалар құқықтарын қорғау мен сақтау бойынша конституциялық және басқа да заңнамалық кепілдіктер мен олардың іс жүзіндегі орындалуы арасында көптеген қайшылықтар болып жатады. Бұл қайшылықтар, әсіресе жетім қалып (түрлі жағдайларға байланысты), әртүрлі типтегі интернаттық мекемелерде тұруға мәжбүр болған балаларға қатысты мәселелерде қатты байқалады.

Бала құқықтары туралы Конвенцияға 1994 жылдан бастап қосылған Қазақстан Республикасы өзін әлеуметтік тұрғыдан дамыған және құқықтық мемлекет ретінде көрсете отырып, өз тәуелсіздігінің 25 жылында Конвенция қағидаларына сәйкес балалар құқығы мен мүдделерін қорғайтын, атап айтқанда баланың отбасында өмір сүріп тәрбиеленуіне қатысты ұлттық заңнамаларды жетілдіруде, орасан зор жұмыстар жүргізді. Бұл кезеңдерде Қазақстан Республикасында келесі Заңдары қабылданды: «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» және т.б.

2006 жылы, БҰҰ Бала құқықтары туралы Конвенциясына сәйкес, негізгі міндеті балалардың құқығы мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылатын, Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті құрылды.

Бұл жасалып жатырған жұмыстардың ауқымдылығына қарамастан, Қазақстан үшін, барлық балалардың отбасында тұрып тәрбиеленуін қамтамасыз ету әлі де болса уақыт пен еңбекті қажет етеді. Статистикалық мәліметтерге

қарағанда республикада жыл сайын 8 мыңға жуық ата-ананың қарауынсыз қалған балалар анықталады, олардың 3 мыңға жуығы балалар үйіне орналастырылады. Соңғы жылдары толық мемлекеттің қамтамасыз етуіне берілетін балалар санының біртіндеп өсе бастағаны секілді жағымсыз үрдіс те алаңдатушылық туғызады.

2012 жылы балалар үйіне 2 231 бала жіберілсе, бұл көрсеткіш 2014 жылы 2 839 болған, оның арасында 2 012 бала бала асырап алу, қамқорлыққа алу мен патронаттың күші жойылғаннан кейін балалар үйіне қайтарылған.

Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің деректеріне қарағанда 2015 жылдың басында жетім балалар мен ата-ананың қарауынсыз қалған балалар саны 32 362 болған. Оның 21 350 баласы қазақстан азаматтарының отбасыларында қамқорлыққа алынып тәрбиеленуде, 1 820 бала – патронаттық тәрбиеде, 9 192 бала 188 балалар үйінде тәрбиеленуде. Балалар үйлеріндегі тәрбиеленушілердің 7 395 (80,4%) 7 мен 18 жас арасында, ал 19,6 % (1 797 адам) 6 жасқа дейінгі балалар.

Интернаттық мекемелер жүйесі 58 балалар үйі мен мектеп-интернаттарды, 25 бөбектер үйін, 18 ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған үй-интернаттарды, 13 паналату үйлері, 28 жастар үйін, 29 отбасы түріндегі балалар үйлері және 17 жекеменшік балалар үйлерін қамтиды [7].

Жетім балаларды қамқорлыққа алудағы қазақстандық мемлекеттік жүйе оларды заңды түрде өз бетінше өмір сүруге сапалы түрде даярлауға баса назар аударуы қажет, жүйе әлі де болса «кәмелеттік жасқа жеткенше ұстау» қағидасымен жұмыс жасайды. Тәрбиелеу мен әлеуметтік бейімдеудің шешілмеген мәселелерін «мерзімді ұзарту», яғни Жасөспірімдер Үйі мен Жастар Үйі арқылы шешу оларды тағы да интернаттық мекемелердегі сияқты қамтамасыз етудің бір түріне әкелуі мүмкін.

Елде болған түрлі тарихи жағдайларға (әлеуметтік катаклизмдер, репрессиялар, соғыс) байланысты қалыптасқан тәжірибелер ықпалынан болар Қазақстанда жоғарыда аталған балаларды тәрбиелеуде бірінші орында интернаттық мекемелер тұрды. Бірақ, қазіргі қоғамдық қатынастардың өзгеруі, экономикалық ахуалдың дамуы, отбасы мен бала тәрбиесіндегі заңнамалық актілердің әлемдік стандарттарға бейімделіп жетілдірілуі әрбір баланың бақытты өмір сүріп, елінің лайықты азаматы болатындай тәрбиеленуіне жағдай жасаудың басқа да жолдары мен тәсілдерін іздеуді, енгізуді қажет етеді.

Мигрант, босқын отбасыларының балалары

Қазіргі қоғамдағы босқындар мен амалсыз қоныс аударушы отбасылар проблемасының маңызы индивидтің тұлғалық-орта қатынастарының әр түрлі аспектілерінде өзекті болады.

Қоныс аударуға мәжбүр болған жағдайда адамның әлеуметтік бейімділігі бұзылатыны белгілі: ол бір табиғи және әлеуметтік ортадан басқасына көптеген табиғи-антропологиялық байланыстарды қиындықпен үзіп, сондай байланыстарды жаңа жерде орната отырып ауысады. Осының салдарынан босқындардың балалары өз ата-аналарының, туыстарының өліміне куәгер бола

отырып, жиі психикалық жарақат алады. Психологтардың айтуынша, зиянкесті оқиғалар баланың психикасында терең із қалдырып, есінде ұзаққа дейін сақталады. Психологиялық шокты басынан өткізген барлық балалар оның салдарынан зардап шегеді. Көптеген дене бітімінде және психикалық бұзылыстардан басқа оларда таным процесі мен қоғамдағы тәртіп бұзылыстары да байқалады. Бұзылыстардың айқындығы және олардың көрінісі әдетте, зорлық-зомбылықтың ауырлық дәрежесімен, денедегі жарақаттардың болу немесе болмауымен, отбасылық қолдаудың сақталуы немесе одан айырылуымен байланысты.

Балалар ересектерге қарағанда сенгіш және ергіш болып келеді. Сондықтан әр түрлі жайттарда олар көбінесе құрбан болады. Олар үй жағдайындағы немесе мектептегі, көшедегі зорлық-зомбылықтың құрбаны болуы мүмкін. М.Д. Асанова балаларға зорлық-зомбылықтың төрт түрін бөледі:

– дене бітімдік зорлық-зомбылық – бұл бала дене бітімі жағынан әлсіз жағдайға әдейі қойылатын, денесіне қасақана жарақат жасап немесе жарақат алуының алдын алмау кезіндегі балаға қатынас түрі;

– жыныстық зорлық-зомбылық – бұл функционалды жетілмеген балаларды немесе жасөспірімдерді олар оны толық түсінбей, оған келісім беруге қабілетсіз немесе отбасылық рөлдердің әлеуметтік тиымын бұзатын жыныстық әрекеттерге тарту;

– психологиялық зорлық-зомбылық – бұл балаға қатысты жасалған оның қабілеттерінің дамуын тежейтін немесе зиянын тигізетін әрекеттер. Психологиялық зорлық-зомбылыққа баланы қорлау, кемсіту, жәбірлеу және келемеждеу сияқты тәртіптің созылмалы паттерндері жатады;

– кеміту – ата-ананың немесе күтімді жүзеге асыратын тұлғаның кәмелетке толмаған баланы тамақтандыруда, киіндіруде, тұрғылықты жерде, медициналық күтімде, білім беруде, қорғау мен бағуда негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз етуге созылмалы қабілетсіздік. Физикалық күтімсіз қалғанда бала жасына сай қажетті тамақтанусыз қалдырылып, ауа-райына сәйкес емес киіндірілуі мүмкін. Эмоционалдық қараусыздық кезінде ата-аналары баланың қажеттіліктеріне бейберекет қарайды, оларды елемейді, тактильді байланыс болмайды. Кеміту баланың денсаулығының нашарлауынан, оған қажетті емнің жасалмауынан көрінуі мүмкін. Баланың білім алуын кеміту бала мектепке жиі кешігіп баруынан, сабақтардан қалуынан, өзінен кіші балаларға қарап қалуынан және тағы басқадан көрініс табуы мүмкін [8].

Зорлық-зомбылықты басынан өткізген балалармен жұмыстың ортақ мақсаты жарақаттық күйзелістерді азайту және жою, өзін кінәлау мен ұялу, өзіне сенімсіздік сезімдерін еңсеру болып табылады. Баламен жұмыс барысында оны қоршаған адамдермен өзара қарым-қатынасты саралау қабілетін қолдау, оның тұлғалық дамуына ықпал ету маңызды.

Соңғы уақытта кәмелетке толмағандар қылмыскерлігінің артуы үнемі атап көрсетіліп, жасөспірімдер әрекетінің қатыгездігі мен айлалығы және қылмыскерліктің едәуір жасаруы байқалатыны айтылады. Жасаған қылмысы үшін жазалау шараларының бірі ретінде қолданылатыны оны бас

бостандығынан айыру. Бас бостандығынан айыру түрінде сот шешімімен жазаланған балалар түзету мен қайта тәрбиелеу үшін тәрбиелеу колонияларына бағытталады. Алайда, статистикалық мәліметтерге сәйкес жазасын өтегендердің көбісі қайтадан қылмыс жасайды. Тәрбиелеу колониясында бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жатқан барлық кәмелетке толмағандар өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар санатын құрайды. Бейімделу бұл баланы бас бостандығынан айырғанда туындайтын маңызды аспектілердің бірі. Тәрбиелеу колониясының жағдайында бейімделу түсінігін кең аспектіде қарастырған жөн. Мәселенің мәні жазаны өтеудің қатаң, қалыпты, жеңілдетілген немесе жеңілдікті жағдайларына тәуелді болады. Себебі, бір колонияның шегінде болса да бір жағдайдан басқа жағдайға ауысқанда әлеуметтік орта, күн тәртібі, еңбек және оқу әрекеті, болашақты бағалау, тәрбиеленушінің ұмтылысы өзгереді. Шамамен әрбір жазаға кесілген жасөспірімде белгілі бір дәрежеде эмоционалдық алаңдаушылық, өмірлік жағдайға қанағаттанбау, төмен эмоциялық фон, сондай-ақ қандай да бір бұзылыстар байқалады. Тәрбие колониясына түскен жасөспірім күн тәртібі, тәртіп ережелері деген не екенін біледі. Осыған байланысты ұйқының бұзылуы, әлсіздік, енжарлық, тез шаршау болуы мүмкін. Жасөспірімнің жалпы үрейлілігінде үлкен орынды әр түрлі қорқыныштар, түсініксіз қауіптер сезімі, соған байланысты өзіне сенімсіздік алады. Әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың негізгі мақсаты бұл тәрбие колониясында бейімделуде балаға көмек көрсету, ал оның соңғы нәтижесі бұл ұжымға аман-есен кіру, ұжым мүшелерімен қарым-қатынаста сенімділіктің пайда болуы, осы өзара қарым-қатынас жүйесіндегі өз орнымен қанағаттану болып табылады.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келе, біз баланы өмірлік қиын жағдайға соқтыратын көптеген факторлар оның отбасынан туындайтынын түсінеміз. Егер жоғарыда сипатталған факторлардың бірі ғана отбасында болса, балада өмірлік қиын жағдайдың туындау қаупі өте жоғары болады. Бала әрекетінің тағы бір маңызды саласы білім беру саласы болып табылады. ол бала тіршілігінің негізгі әрекеттерінің бірі болғандықтан, осы салада баланың өмірлік қиын жағдайының туындау қаупі жоғары.

Қиын жағдайға тап болған бала проблемаларының бірі әлеуметтенудің төмен деңгейі, яғни, мобильділіктің шектеулігі, құрдастар және ересектермен қарым-қатынастың кедейлігі, табиғатпен байланысудың және мәдени құндылықтарға қолжетімділіктің шектеулігі және т.с.с. Қазіргі мектептерде әлеуметтендірушіден гөрі, білім беру қызметіне басты рөл беріледі. Мектеп қоғамға толыққанды кіруге керекті қасиеттер жиынтығымен балаларды қамтамасыз ете алмайды. Мектеп әрекетінің шектеулігі көптеген оқушылардың тұлға ретінде өзін көрсетуге мүмкіндік бермейтін осы тәрбие институтына жағымсыз қарым-қатынасты тудырады. Балалар өміріндегі қиын жағдай туындауының себебі қанағаттанарлықсыз білім деңгейі болуы мүмкін.

Соның салдарынан озат және нашар оқушылар үлгерімінің үлкен айырмашылығы болады. Бұл бала тұлғасының өзін өзі бағалауымен тығыз байланысты. Сондықтан балаларда мектептегі әлеуметтік қарым-қатынаста

бейімделуімен байланысты әр түрлі бағыттағы проблемалар туындайды. Жинақтала келе бұл проблемалар баланы өмірлік қиын жағдайға әкеліп соқтыруы мүмкін [9].

В. А. Никитин өзінің зерттеуінде әлеуметтенуді «әлеуметтік қарым-қатынасқа индивидті қосу процесі» ретінде сипаттайды [10].

Әлеуметтену адамның өмірі бойы созылатын процесс екенін түсінген маңызды. Сондықтан әлеуметтенудің басты мақсаттарының бірі адамды әлеуметтік шындыққа бейімдеу, ол қоғамның қалыпты қызмет атқаруының мүмкін болған шарты болады. Қазіргі таңда бала әлеуметтенуінің төмен деңгейіне әкелетін өмірлік қиын жағдайларға қайыршылық, бақылаусыздық пен қараусыздықты, тәртіп бұзушылықтың алуан түрлерін, сондай-ақ ауру мен мүгедектікті жатқызуда болады. Бұндай балаларды әлеуметтендіру процесінде туындайтын проблемалар ең алдымен, әлеуметтік мәселелер, әлеуметтік қолдау формаларының жеткіліксіздігі, денсаулық сақтаудың, білім берудің, мәдениеттің, тұрмыстық қызмет көрсетудің және т.с.с. қолжетімсіздігі. Олардың ішінде макро-, мезо- және микродеңгейдегі проблемаларды бөлуге болады. Бұл проблемалардың кешені барлық балаларға тең мүмкіндіктерді жасауға бағытталған қоғам мен мемлекеттің күшімен шешіледі. Балаларды әлеуметтендірудің елеулі проблемаларының бірі қоғам мен мемлекеттің дамуында ауытқуы бар тұлғаларға қарым-қатынасы болып табылады. бұл қарым-қатынас әр түрлі аспектілерде көрініс табады: арнайы білім беру, оқыту жүйесін жасауда, қолжетімді денсаулық сақтау жүйесін құруда және т.с.с.

Бала құқығының декларациясында «дене бітіміне, психикасына немесе әлеуметіне қатысты толық емес бала оның ерекше жағдайына байланысты арнайы білім және күтіммен қамтамасыз етілуі қажет» деп айтылған [11].

Бала құқықтары туралы конвенцияда «қатысушы мемлекеттер ақыл-есі немесе денсаулығына қатысты жарымжан бала оның қадір-қасиетін қамтамасыз етіп, өзіне деген сенімділігін арттырып және қоғамдық өмірге белсене араласуына жәрдемдесетін жағдайларда толыққанды және лайықты өмір сүруі қажет екенін мойындайды» деп баяндалған. Мемлекеттік деңгейде өмірлік қиын жағдайға ұшыраған балаларға көмек көрсетуге бағытталған арнайы бағдарламалардың үнемі қабылданып жүзеге асырылатынына қарамастан, тек мемлекеттің ғана күші жеткіліксіз. Бұндай балалардың өмір сүруі мен дамуына қолайлы жағдайларды жасау бойынша міндеттердің көпқырлығы, күрделілігі мен ауқымдығы бұл жұмыста балалардың жанында жүрген барлық қоршағандардың қатысуын талап етеді.

2 Инклюзивті білім беру жағдайындағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды педагогикалық қолдау

Тәрбиелеу мен білім берудің адамгершілік бағытының қалыптасуымен қатар, балаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау идеясы дами бастады. Ол балалар мен жасөспірімдерге білікті психологиялық көмек көрсету проблемасының аясында пайда болды. «Қолдау» түсінігінің мазмұнын талдап көрейік. Орыс тілінің түсіндірме сөздігіне сәйкес бұл термин қандай да бір құбылыспен бірге жүретін әрекетті білдіреді [12].

Зерттеуші Ю. Слюсарев «қолдау» түсінігін адамның өзіндік ресурстарын белсендіретін және өзін өзі дамыту механизмдерін іске қосатын тұлғаның өзіндік санасының дамуы мен өзін өзі дамытуына бағытталған психологиялық көмек көрсету ретінде қолданған [13].

М.Р. Битянова қолдауды «баланың эмоционалдық қолайлылығы, оның табысты дамуы мен оқуына бағытталған психологтың білім беру ортасындағы кәсіби әрекеттерінің жүйесі» ретінде анықтайды [14].

«Әлеуметтік-педагогикалық қолдау» терминінің талдауына көшпес бұрын «әлеуметтік» және «педагогикалық» қолдау түсініктеріне анықтама беруді жөн деп санаймыз.

И. А. Липский «тұлға дамуын педагогикалық қолдау кешенді сипатта болады: әлеуметтік саладағы адамдардың өзара әрекеттестігінің механизмдерін көрсетеді, бір мезетте уақыттық, кеңістіктік және институционалды формаларда болады, жүйелі-құрылымдық, процессуалдық және әрекеттік сипаттамалар арқылы көрініс табады» деп есептейді [15].

Педагогикалық қолдаудың мақсаты сүйемелденетін адам тұлғасын институционалды рәсімдеудегі арнайы педагогикалық жүйелер арқылы жүзеге асырылатын мақсатқа бағыттап дамыту болып табылады. педагогикалық қолдау тұжырымдамасы мүдделі бақылау, кеңес беру, жеке өзінің қатысуы, баланың белсенділігінде көрінетін оның барынша дербестігін мадақтау процесі ретінде қарастырылады.

Н.Б. Крылова педагогикалық қолдауды оқушының жанында бола алу, соңынан еру, оның жеке білім беру маршрутында, оқудағы жеке қозғалыстарында бірге жүру деп түсінеді [16].

«Қолдау», «әлеуметтік қолдау» және «педагогикалық қолдау» терминдерінің негізгі анықтамаларын зерттей келе біз «әлеуметтік-педагогикалық қолдау» түсінігінің мазмұнына талдау жасай аламыз.

Е. И. Казакова психологиялық-педагогикалық қолдау «балаға, оның отбасына және педагогтарға көмек көрсету, оның негізінде өзекті проблеманың шешу жолын таңдауда дамыту субъектінің барынша бостандығы мен жауапкершілігін сақтау; педагогтар, психологтар, әлеуметтік және медициналық қызметкерлердің күшін біріктірумен қамтамасыз етілетін мультипәндік әдіс; проблеманың диагностикасы мен оны шешудің субъектілік әлеуеті, мүмкін болатын шешу жолдарын ақпараттық іздеу, әрекеттер жоспарын құру мен оны іске асырудағы алғашқы көмек арасындағы үйлесімді

бірлік; даму субъектінің өзі әрекеттері үшін жауапты болатын бағдарлық аумақты құруда көмек көрсету» деп түсінеді [17].

Э. М. Александровская психологиялық-педагогикалық қолдау – бұл білім беру процесінің жағдайында туындаған проблемаларды шешуде белгілі бір даму кезеңінде көмек көрсетуге бағытталған технология, балаға көек берудің ерекше түрі деп атады. [18].

Әлеуметтік-педагогикалық қолдау анықтамасына берілген тәсілдемелерді талдай және олардың ортақ сипаттарын бөле отырып, келесі анықтаманы шығаруға болады: әлеуметтік-педагогикалық қолдау – бұл баланың қоғаммен өзара әрекеттестігі жағдайында баланы психологиялық дамыту және нәтижелі оқыту үшін әлеуметтік-педагогикалық жағдайлар жасауға бағытталған маманның кәсіби әрекетінің белгілі бір жүйесі.

Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесінде қолдаудың әр түрлі модельдері әзірленіп, оның инфрақұрылымдары қалыптастырылуда. Оған психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік орталықтар, мектептегі қолдау қызметтері, кәсіптік бағдарлау орталықтары, психологиялық-педагогикалық қолдау, психологиялық-педагогикалық қолдаудың ресурстық орталықтары, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, сенім кабинеттері және т.с.с. жатады.

Қиын жағдайдағы баланың дамуын әлеуметтік-педагогикалық қолдау қарым-қатынастарды қолдау, яғни оларды дамыту, түзету, қалпына келтіру ретінде қарастырылуы мүмкін. Қазіргі таңда «әлеуметтік-педагогикалық қолдау» түсінігі кеңінен қолданылады. Әлеуметтік-педагогикалық қолдау туралы түсінік баланы психологиялық дамыту мен нәтижелі оқыту үшін әлеуметтік-педагогикалық жағдайлар жасауға бағытталған әлеуметтік педагогтың кәсіптік әрекетінің жүйесі ретінде мәнге ие [19].

Бұндай әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың мақсаты баланың жасына сай қалыпты дамуды қамтамасыз ету болып табылады. Бұл әлеуметтік-педагогикалық қолдау бойынша маман тек диагностика, кеңес беру, түзету әдістерін меңгеріп қан қоймай, проблемалы жағдайларды жүйелі талдау, оларды шешуге бағытталған әрекеттерді бағдарламалау және жоспарлау қабілеті болу керек [*«Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар»*, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 524 бұйрығымен бекітілген].

Қолдау терминін енгізу бұл ғылыми-лингвистикалық тәжірибенің нәтижесі емес, осы анықтаманы дәстүрлі – көмек, сүйемелдеу немесе қамтамасыз ету сөздерімен алмасытыру бұл құбылыстың мәнін толық ашпайды. Бұл жерде қолдау көрсететін және қолдау көрсетілетіннің өзара әрекеттестігінің күрделі процесі жөнінде айтылып отыр. Оның нәтижесінде қолдау көрсетілетіннің дамуының артуына әкелетін әрекеттер болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық қолдауды ерекше білім беруге қажеттілігі (ЕБК) бар балалар, оған жататындар: танымдық белсенділігі жоғары немесе төмен деңгейі бар балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар, оңалту курсынан өтіп

жатқан балалар, жағдайы төмен отбасы балалары, қауіп тобының балалары, яғни қиын өмірлік жағдайға тап болған балалардың барлығы қажет етеді.

2012 жылдан бастап Қарағанды қаласының №27 жалпы білім беру мектебінің ұжымы «Бейімді мектеп – барлығына арналған мектеп» жобасын жүзеге асыруда. Бұл жоба даму мүмкіндігі шектеулі балаларды (ДМШ) дені сау балалармен бірге білім беру процесіне, демалу, мәдени, спорттық, шығармашылық әрекеттерге қосуды қарастырады және келесі міндеттерді шешеді:

- ДМШ оқушылардың жалпы және ерекше білім беруге қажеттіліктерін қанағаттандыратын бейімді білім беру ортасын жасау;

- ЕБҚ бар оқушылардың дамуындағы бұзылыс ерекшеліктерін, әлеуметтік тәжірибесін, жеке және отбасылық ресурстарды есепке алу;

- оқытуды ерекше түрде құру – арнайы міндеттерді бөлу, оқытудың арнайы тәсілдер мен әдістерін қолдану;

- ЕБҚ оқушыларды жалпы білім беру ортасына қосу процесін психологиялық-педагогикалық қолдау, балаға және оның отбасына қамқорлық көрсету, педагогтарға көмектесу;

- әр түрлі саладағы мамандар мен білім беру процесіне қосылған ата-аналардың өзара әрекеттестігін үйлестіру;

- ЕБҚ оқушыларды дамыту мен оқыту сұрақтарында педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру;

- білім беру процесіне қатысушылардың оқуда әр түрлі мүмкіндіктері бар оқушыларға толерантты қарым-қатынас пен қабылдауды қалыптастыру.

Оқушыларды жалпы білім беру процесіне қосуға жағдайлар жасау үшін мектептік Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылды.

Инклюзивті тәжірибе жағдайындағы психологиялық-педагогикалық қолдау әрбір баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сай нәтижелі оқыту мен дамытуға арналған әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасайтын мамандардың тұтас, жүйелі ұйымдастырылған әрекетін білдіреді.

- даму бұзылыстарын ерте түзету;

- балаларды әлеуметтендіруде, оқытуда жеке ыңғай жасау;

- оқуға ынтасын, дербестігін, әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту;

- өмірлік құзіреттердің дағдыларын қалыптастыру;

- ата-аналармен және құрдастармен конструктивті қарым-қатынас құру.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің айрықша ерекшелігі оның кешенділігі және арнайы педагогикалық көмекті қажет ететін балаларды уақытында анықтауға бағдарлану болып табылады. Қызмет әрекетінің мазмұны оқушылармен түзете-дамыту жұмысының жеке бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру, балалардың мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сәйкес білім беру бағдарламаларын бейімдеу, білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара түсіністік пен әрекеттестікті нығайтуға ықпал ету.

Қолдау қызметінің әрекеті бала дамуындағы кез келген проблеманы шешуде кешенді, пәнаралық тәсілдеме, білім беру процесінде бала дамуын

үздіксіз қолдау, қолдау әрекетін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық жобалау, психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша іс-шараларға ата-аналарды, педагогтар мен балалар ұжымын белсенді қатыстыру қағидаларына негізделеді.

Инклюзивті тәжірибе жағдайындағы Қолдау қызметінің жұмысы келесі бағыттарда жүргізіледі:

- психоәлеуметтік диагностика;
- психотүзету жұмысы;
- білім беру процесіне қатысушыларды психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік ағарту жұмысы;
- әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық көмек беру;
- ұйымдастырушылық-әдістемелік әрекет.

Психоәлеуметтік диагностика даму бұзылыстарын ерте (баланың мектептегі бірінші күнінен бастап) анықтауды және мектептегі қиындықтардың себебін талдауды қарастырады. Ол бала туралы мәліметтерді кешенді жинақтауға, эмоционалды-еріктік саланың дамуы мен тұлғалық ерекшеліктерін зерттеуге, баланың отбасылық тәрбиелеу жағдайлары және дамуының әлеуметтік жағдайын зерттеуге, оның бейімделу мүмкіндіктері мен әлеуметтену деңгейіне негізделеді.

Нейропсихологиялық диагностика нәтижелері бойынша қолдау қызметінің мамандарымен Түзете-дамыту жұмысының жеке бағдарламалары әзірленеді. Бағдарламалардың мазмұны даму мүмкіндігі шектеулі оқушылардың психофизикалық дамуының жеке ерекшеліктерін есепке алуға негізделген. Бағдарламалар Қолдау қызметінің мамандары (мұғалім-дефектолог, логопед, психолог) жүргізетін жеке түзету сабақтарында, сонымен қатар білім беру-тәрбиелеу процесі барысында да жүзеге асырылады.

№27 ЖББОМ психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі білім беру процесіне қатысушыларды, оның ішінде ата-аналарды инклюзивті білім беру, қалыпты дамыған және мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бірге оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктері мен міндеттері туралы кәсіби ақпаратты тарату арқылы әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық кеңес беруді іске асырады. Бұндай кеңес беру әрекеті даму мүмкіндігі шектеулі балаларды, олардың отбасын және педагогтарды оқушыларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту мен әлеуметтендіруде сараланған психологиялық-педагогикалық жағдайларды жүзеге асыру сұрақтары бойынша арнайы қолдаудың үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

Кеңес беру жұмысына:

- білім беру процесінің барлық субъектілеріне бірыңғай даму мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жұмыстың негізгі бағыттары бойынша негізделген біріккен ұсыныстар әзірлеу;
- даму мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жұмыс тәсілдерін және жеке бағдарланған әдістерді таңдау бойынша мамандардың педагогтарға кеңес беруі;

- даму мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеу стратегиясы мен оны түзете оқыту тәсілдерін таңдау сұрақтары бойынша отбасыға консультативті көмек беру.

Инклюзивті тәжірибе жағдайындағы білім беру процесінің субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдау оның әрекетін үйлестіруге асырылмайды. Қызмет әрекетін үйлестіруші осындай орган Психологиялық-медициналық-педагогикалық (ПМП) консилиум болып табылады.

ПМП консилиум – негізгі идеясы балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне, өзекті даму деңгейіне, соматикалық және жүйке-психикалық денсаулық жағдайына сәйкес балалар өмірінің тиімді жағдайларын қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық қолдаудың тұтас жүйесін құру болып табылатын тұрақты әрекет ететін, үйлестірілген, ортақ мақсатпен біріктірілген, қолдау стратегиясын жүзеге асыратын мамандардың ұжымы.

Консилиум әрекеті белгілі бір алгоритм бойынша іске асырылады және үш кезеңнен тұрады: дайындық кезеңі, талқылау кезеңі және жүзеге асыру кезеңі.

Дайындық кезеңі диагностикалық мәліметтерді жинақтауды, ақпаратты жалпылауды және оқушыларды дамыту міндеттерін қоюды қарастырады.

Талқылау кезеңі – түзете-дамыту жұмысының міндеттерін нақтылау, педагогикалық міндеттерді қою, мамандар командасы әрекетінің мазмұнын анықтау.

Жүзеге асыру кезеңі – өзінің кәсіби әрекетіне міндеттерді қою және жүзеге асыру, қойылған міндеттерді шешу үшін формалар мен әдістерді таңдау.

Осылайша, білім беру процесінің субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдау – бұл бейімдік мектеп әрекетінің өте маңызды және өзекті бағыты. Оны дұрыс ұйымдастыру – мектептің білім беру кеңістігіне қосылған кез келген баланы нәтижелі оқыту мен дамытудың кепілі бола алады.

3 Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қолдау моделін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жүргізген зерттеулер аясында, Қазақстанда жұмыс істейтін инклюзивті білім беру моделдеріне талдау жасау жүзеге асырылды және эксперименттік алаңдардың жұмыс тәжірибесі көрсетілді.

Өсіп келе жатқан ақпараттар ағыны, инклюзивті орта құру бойынша мүмкіндіктерді кеңейтуге және ерекше қажеттілігі бар, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың (бұдан әрі МШБ) сапалы білімге қол жеткізулерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың заманауи кезеңінде, өтпелі кезеңнің қиындықтарына қарамастан инклюзивті білім беруге жағдай жасаған білім беру ұйымдарының саны көбеюде. Бұл өте маңызды, бәрінен бұрын, себебі ерекше білім алу қажеттілігі бар балалар саны азаятын емес және бұқаралық метептің білім беру ортасына балалар жиірек кіруде, бұл елімізде инклюзивті білім берудің дамуындағы оң үрдіс болып табылады (10-кесте).

1-кесте – 2014-2015 оқу жылы басындағы мемлекеттік (мемлекеттік емес) күндізгі жалпы білім беретін мектептердің жиынтық есебі.

Мектептер, оқушылар және ұстаздар саны				
Көрсеткіштер атауы	Жолдар №	Барлығы (2, 3-бағаналарының сомасы)	оның ішінде, қалалық жерлерде	оның ішінде, ауылдық жерлерде
А	В	1	2	3
Мектептердің жалпы саны (2-4, 6, 7 жолдар сомасы) (бірлік)	1	7326	1742	5584
оның ішінде девиантты мінез-құлықты балаларға арналған мектептер (бірлік)	6	7	6	1
оның ішінде дамуының шектеу мүмкіндіктері бар балаларға арналған мектептер (бірлік)	7	97	90	7
жалпы білім беретін мектептердегі дамуының шектеу мүмкіндіктері бар балаларға арналған сыныптар (бірлік)	8	1392	984	408

Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мектептер саны (бірлік)*	18	1795	645	1150
Барлық білім алушылар (20-22, 24, 25 жолдар сомасы) (адам)	19	2629838	1350692	1279146
оның ішінде девиантты мінез-құлқы бар балаларға арналған мектептерде (адам)	24	142	121	21
оның ішінде дамуының МШБ арналған мектептерде (адам)	25	15170	12443	1074
жалпы білім беретін мектептердегі дамуының МШБ арналған сыныптарда	26	11118	6977	4141
Әдеттегі білім беру ортасына тартылған даму мүмкіндігі шектеулі білім алушылар (адам)*	36	16206	9505	6701
Барлық мұғалімдер (38-40 жолдар сомасы) (адам)	37	276544	103853	172110

Инклюзивті білім беру моделдерін зерттеу, МШБ-ның әлеуттендіру дағдылары мен коммуникативтік біліктерін дамыту үшін маңызды ресурс ретінде АКТ, интернет-ресурстарды пайдалану мүмкіндігі мен әлеуетін, инклюзивті білім беруді дамытудың аймақтық қоғамдастығын құру және басқару процесінде инклюзивті білім беруді дамытудың тиімді тетіктерін көрсетті (Ақмола облысы мысалында).

Қазақстанда құрылған инклюзивті білім беру моделдерінің екеуіне тоқталайық:

Қарағанды қаласының № 27 ЖББОМ ММ мысалында инклюзивті білім беру мекемесін дамытуды басқару моделі.

Мектеп базасында ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі құрылды. Бұл қызметтің мақсаты ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, қоғамға әлеуметтік бейімделу және кірігуін қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау болып табылады. Қойылған мақсаттар аясында келесі міндеттер жүзеге асырылады: инклюзивті білім беру бойынша жүйелі жұмыс әзірлеу және енгізу; білім біру қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету және білім беру қызметтерінің барлық субъектілері үшін білім сапасына қол жеткізу.

Білім беру ұйымы инклюзивті ортаны дамыта отырып, инклюзивті мектепті басқаруды бірнеше кезеңде жүзеге асыратын тұжырымдама әзірледі:

- ерекше қажеттіліктері бар балалардың қажеттіліктері туралы ақпараттар алуға және зерттеуге мүмкіндік беретін ақпараттық-диагностикалық (білім беру субъектілерінің жеке бейімделушілік ерекшеліктерін диагностикалау);

- бағдарлық-пропедевтикалық, оның аясында бейімделген білім беру ортасының даму перспективаларын және қажетті басқару шешімдерін анықтау қамтамасыз етіледі;

- әлеуметтік менеджмент технологиясын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін базалық-технологиялық.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды анықтау мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді, бәрінен бұрын бұл білім беру ұйымы МШБ-мен медициналық құжаттама негізінде жұмыс істейді. Тәуекел тобының балаларын бастапқыда анықтау, сабаққа қатысу, мұғалімдерден сұрау және балалардың ата-аналарымен жұмыс істеу негізінде жүргізіледі.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды анықтаудың келесі критерийлері атап көрсетіледі:

- медициналық айғақтар;

- оқу дағдыларын, біліктері мен білімдерін қалыптастыру және автоматтандыру қиындықтары;

- интеллектуалды дамуынан баланың артта қалуна күдік;

- баланың мүдделері мен қабілеттері тарапынан дәстүрлі жағдайларда әлеуметтік бейімделудің асқынуына алып келетін әр түрлі көріністер;

- іс-әрекетін еркін реттеудегі жалпы проблемалар, қозғалыс тежеушілігі және ықыластың бұзылуы көріністері, баланың мінез-құлықтарының тепе-тең болмауы;

- сөйлеуде кез-келген бұзылудың болуы;

- көру мен естуге және т.б. күдік келтіру.

Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды оқыту процесі әр түрлі деңгейлі бағдарламалар бойынша және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеумен жеке бағдарламалар бойынша жүргізіледі. Түзету компонентін қосу міндетті болып табылады.

Түзету педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының (бұдан әрі ТП ҰҒПО) эксперименттік алаңы ретіндегі инклюзивті мектептің моделі.

Осы моделге сәйкес мектептің ТП ҰҒПО-мен келесі бағыттар бойынша тығыз ынтымақтастығы көзделеді:

- инклюзивті практиканың ұйымдастыру-әдістемелік негіздерін әзірлеу және байқаудан өткізу;

- білім беру процесіне нейропсихологиялық түзету әдістерін енгізу;

- даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға көңіл бөлу мен телерантты қабылдауды қалыптастыру бойынша бағдарламаны әзірлеу және байқаудан өткізу.

Ақмола облысы мысалында, Ақмола облыстық білім басқармасы және «Азаматтық білім берудің ғылыми-ақпараттық орталығының» ҮЕҰ (Астана

қаласы) қолдауымен инклюзивті білім беруді енгізу бойынша әр түрлі құрылымдардың өзара әрекеттесуінің аймақтық моделін жасау тәжірибесі зерттелді.

Инклюзияны білім беру процесіне кіріктіру аясында аймақта келесі мүмкіндіктер қолданылды:

- арнайы білім беру ұйымдарының барынша тармақталған желісінің болуы (ПМПК, ППТК, мектеп-интернаттар және т.б.);

- тиісті білімі және қажетті жұмыс тәжірибесі бар, арнайы білім беру ұйымдары қызметкерлерінің штатының болуы;

- инклюзивті білім беру бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдар санын ұлғайту, олардың тақырыптарын кеңейту;

- ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды жалпы білім беру процесіне нақты кірістіру («стихиялық инклюзив»).

Зерттеу көрсеткендей, білім беру процесіне инклюзияның кірігуі үдерісі әлі күнге дейін қиындықтарға ұшырауда және шешілмеген проблемалар да бар:

- әртүрлі типтегі білім беру ұйымдары, білім беру органдарының іс-әрекеттеріндегі келіспеушілігі, бытыраңқылығы;

- ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың кедергісіз қол жеткізуге жағдайдың жоқтығы (білім беру ұйымдарының көпшілігінде);

- инклюзивті практиканы енгізуге білім беру ұйымдары мен педагог қызметкерлердің ұйымдастыру-әдістемелік тұрғыдан дайын еместігі;

- бірлескен оқытуға педагогтардың, ата-аналардың және оқушылардың бір бөлігінің психологиялық дайын еместігі.

Сөйтіп, еліміздің түрлі өңірлеріндегі бір қатар білім беру ұйымдарындағы инклюзивті білім берудің жайын талдау, инклюзивті білім беруді дамытудың күшті әрі әлсіз жақтарын және түзетушілік пен алдын алу технологиялары мен әдістерін пайдалануды көрсетті.

Күшті жақтары:

- 2020-жылға дейін Қазақстан республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына, бір бағыты ретінде инклюзивті білім беруді енгізу;

- бұл мәселені шешудегі қоғамның өскелең қажеттілігі;

- бұқаралық мектепте инклюзивті ортаны дамыту қажеттігін түсіну;

- бұл проблеманы бұқаралық мектепте шешу қажеттілігін ата-аналар қауымының түсінуі.

Әлсіз жақтары:

- білім беру ұйымдарында ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу үшін дайындалған педагог кадрлардың болмауы;

- инклюзивті білім беру бойынша педагог кадрларды даярлау оқу бағдарламаларында (ЖОО-да және колледждерде) болмауы, оқу курстарының болмауы;

- инклюзивтік ортаны ұйымдастыруда білім беру деңгейлері арасында сабақтастықтың болмауы;

- ерекше қажеттіліктері бар балаларды қабылдауға білім беру ұйымдарының дайын еместіктігі (мұндай балаларды қабылдау мүмкіндіктері бар білім беру ұйымдарының елімізде ең аз саны, өйткені арнайы құралдар мен жабдықтар, пандустар, арнаулы лифтілер және т. б. жоқ).

Білім беру процесінде баланың жеке дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау – баланы табысты оқыту үшін жағдай жасау бойынша сынып жетекшісінің, әлеуметтік педагогтың, психологтың, пән мұғалімдерінің, әдіскерлерінің және т. б. кәсіби іс-әрекеттері жүйесі.


Психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттары болып табылатындар:

- баланың жеке ерекшеліктері мен денсаулығының жай-күйіне сүйене отырып, білім алу маршрутын таңдауда ата-аналарына (заңды өкілдеріне) және балаға көмек көрсету;

- туындаған проблемалар, қиындықтар, денсаулық жағдайына байланысты баланың даму процесінде білім беру маршрутын өзгерту;

- жаңа жағдайларға бейімделуде білім беру маршрутын өзгерткен балаға көмек көрсету.

Білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі педагогикалық қолдау және оларды жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу модельдері



1-сурет. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жеке қолдаудың кезеңдері

Білім беру мекемелеріндегі жеке сүйемелдеудің негізгі кезеңдері.

Баланың дамуын сүйемелдеудің *бірінші кезеңі* ретінде бала туралы ақпаратты жинақтау шығады.

Екінші кезең – алған ақпаратты талдау.

Үшінші кезең – бала, педагог, ата-аналар, мамандар үшін ұсыныстарды бірлесе түзу: әрбір «қиын» білім алушы, тәрбиеленуші үшін кешенді көмектің жоспарын түзу.

Төртінші кезең – сүйемелдеуге қатысушылардың барлығына бала қиыншылықтарын шешудегі жолдар мен амалдар туралы кеңес беру.

Бесінші кезең – қиыншылықтарды шешу, яғни сүйемелдеудің әрбір қатысушысымен ұсыныстардың орындалуы.

Алтыншы кезең – орындалған ұсыныстардың сүйемелдеудің барлық қатысушыларымен талдануы (Неге қол жеткізілді? Неге қол жеткізілмеді? Не себептен?)

Жетінші кезең – бала дамуын талдауды жалғастыру (Келешектер не істейміз?)

Бұл шарттың барлығы шартты, өйткені әрбір баланың өз қиыншылықтары бар және оны шешуде жеке бір көзқарас қажет болады.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім Академиясы әзірлеген «Психологиялық-педагогикалық консилиум туралы ережесінің» негізінде психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша нақты жұмысты білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық консилиумның шеңберінде өткізуге ұсыныс беріледі.

Қиын өмірлік жағдайға түскен балаларда әлеуметтену мәселелері өте жиі туындайды, оның көріністері ретінде балалардың мектеп алды және мектеп бағдарламасын меңгерудегі тұрақты білінетін қиыншылықтары, тәртіп бұзушылықтары, білім беру мекемесіне барып жүруден бас тартуы шығады.

Оның себептері әртүрлі болуы мүмкін, атап айтсақ:

- дене бітіміндегі даму бұзылыстары (денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар),
- психологиялық (зорлық-зомбылық құрбандары),
- әлеуметтік (табысы аз отбасылар, жетім балалар, қоныс аударылған балалар және т.б.).

Балалардың қолайсыз жағдайда дамуының осы аталған нұсқалардың кез-келген түрінде нақты немесе оның алдындағы жас кезеңіне сай келетін функциялардың жетіліп дамымауы, наразылық қылық көрсетумен немесе шынайы өмірден қол үзуімен көрініс беретіндей назар талап етуде лайықсыз қажеттілік, оқудағы және дамудағы мотивацияның әлсіз болуы, өз сезімін білдірудегі қиыншылықтар мен лайықты қарым-қатынас құру дағдыларының қалыптаспауы байқалады.

Бала дамуына кедергі тудыратын себептердің жойылуы балаға бағыттаушы және басқарушы ықпал көрсету түрінде бекітілген талаптардың жүйесін іске асыратын маңызды ересек адамдардың көмегімен ғана жүзеге асыру мүмкін. Сол себептен бұл жұмыста коррекциялық-дамытушылық

бағдарламаларды жүзеге асыруды ата-ана- бала-ұстаз өзара байланысты тұтас жүйесінде өткізуге ұсыныс берілуде.

Ата-аналар мен педагогтер жиі жағдайда бала қиыншылықтарының сипатын түсіне бермейді де, олардың алдына дамуындағы шынайы деңгейге сай келмейтін міндеттерді қояды. Балалар оған лайықсыз мінез-құлықпен және әрекетсінуден бас тартуымен жауап беріп, бұл жағдай оқудағы сәтсіздіктерге жетелейді. Оңай жауап ретінде ересектер қорқытуға, жазалауға кірісіп, онысымен кінәлік сезімін тудырады, ол өз кезегінде болымды нәтижеге жеткізбейді. Оған қоса, ата-аналар мен мұғалімдер баланың «үстінен қарап», оның қиыншылықтарын түсінбейді, жиі жағдайда онымен эмоционалдық қатынасты орнатуға ынтасын білдірмейді. Бала жалғыздық сезіміне түсіп, ересектердің жағынан оның табысына деген тілектестік сезімдерін таппайды.

Баланың қиыншылықтарына ересектер жиі теріс қарап, онымен жұмыс жүргізуде тек оның сәтсіздіктерін талдауға негізделеді. Егер баланың оқуы табысты болмаса, ол ересектердің көзінде «жаман» болып шығады, бұл баланың өзін-өзі төмен бағалап, оның қобалжу сезімінің артуына, онысымен бала дезинтеграциясының артуына себепші болады. Осылайша, «шырғалаң шеңбер» деп аталатын жағдай туындайды: әрекеттіліктің бұзылуы сәтсіздікке жетелейді, сәтсіздік қобалжуды және өзін-өзі бағалау сезімінің төмендеуін тудырады, бұл бала дамуындағы қолайсыз бағыттың нығаюына ықпалын тигізеді. Білім беру үдерісінің барлық қатысушылары, әдетте, фрустрацияланған, бір-бірін кінәлап, қалыптасқан жағдайда шығатын жолды көрмейді [20].

Дағдарыс жағдайынан шығу бала-ата-аналары (заңды өкіл) және педагог арасындағы өзара қатынастарды және өзара әрекеттерді барлық қатысушылар бір-бірінің күйіне және мінез-құлығына өзара алғы шарт бола алатындай өзара байланысты бірыңғай жүйе көзқарасынан қарастырғанда мүмкін. Осы жүйенің жағдайын өзгерту үшін баламен де, ата-аналармен де, мұғаліммен де, сонымен қатар олардың қатынасқа түсу амалдарымен де бір уақытта жұмыс жүргізу қажет. Әдетте, білім беру мекемесінде бұл жұмысты психолог жүргізеді. Психологиялық араласудың мақсаты:

- «қолдаушы ортаны» қалыптастырумен бала жағдайын өзгерту және оның дамуын жалғастыруға ықпалын тигізетін функциялардың қалыптасуын ұйымдастыру;

- ересектерді баланың жағдайы мен мүмкіндіктері туралы ақпараттандырып, оларда баланы дағдарыс жағдайынан шығару және оның дамуын жалғастыру бойынша шақыру сезімдерін тудыру арқылы ересектердің балаға деген көзқарасын өзгерту.

Осылайша, психолог балаға тікелей ғана емес (арнайы ұйымдастырылған ортада жеке және топтық жұмыс жүргізу режимінде), сонымен қатар ата-аналары, мұғалімдері арқылы, олар арқылы баланың дамуындағы өзекті жағдайдағы талаптардың жүйесі мен пысықтауларын өзгерте алады [21].

Жеке дамыта-түзету жұмысын таңдау және оны іске асыру бойынша шаралар келесі кезеңдерді көздейді:

- Бала дамуындағы жақын аумақты, сонымен қатар оның дамуындағы ресурстарды анықтау және баламен және оның ата-аналарымен қолдағы әлеуметтік жағдайда пайдалану мүмкіндіктері мен амалдарын анықтау;
- Баланың оң мақсаттарын түзуінде көмек көрсету, яғни оның келешектегі даму үлгісін жасау, сонымен қатар баланы белгіленген мақсатына өз қажеттіліктерін, мүмкіндіктері мен жеке ерекшеліктерін ескерумен қол жеткізуіне түрткі беру;
- Белгіленген мақсаттарға қол жеткізу амалдарын, соның ішінде баламен жасанды жағдайда жасайтын тапсырмаларының, сонымен қатар қалыптасқан дағдыларды бала дамуындағы өзекті жағдайға ауыстырудың бағдарламасы мен режимін таңдау.

Дамыта-түзетудің жеке бағдарламасын әзірлеу механизмінде мынадай блоктарды ажыратуға болады:

1. *Психологиялық-педагогикалық амалдар мен жұмыс әдістерімен денсаулықты сақтау, психологиялық-соматикалық және психологиялық-неврологиялық қолайсыздықтардың алдын алу және оларды түзету.*
 2. *Оқу қызметін қамтамасыз ететін психологиялық-физиологиялық функциялардың дамуындағы тапшылықты толтыру.*
 3. *Табысты әлеуметтену үшін қажетті болатын әлеуметтік-рухани қасиеттерді дамыту.*
2. *Эмоционалдық-жігерлілік аясындағы бұзылыстарды түзету [4].*

Жеке бағдарламаларды іске асыруда түбегейлі мәні бар жеке бағдарламалар болып табылатындары:

- дамуындағы немесе мінез-құлығындағы ауытқулардың диагностикасы мен түзету шараларының бірлігі қағидасын ұстану;
- баланың және оның отбасының дамуындағы әлеуметтік ахуалды ескеру;
- ата-аналар немесе олардың орнын басатын тұлғаларды педагогикалық-түзету үдерісіне тарту;
- оқыту мазмұнын өзгерту және жұмыс әдістері мен амалдарын жетілдіру арқылы тәрбиелеуге және оқытуға жеке тұлғаға бағытталған көзқарасты іске асыру;
- ересектердің балалармен өзара әрекеттесу нұсқаларын кеңейту және балалар арасындағы әріптестік серіктестік нұсқаларын белсендендіру үшін жағдайларды қалыптастыру.

Жоғарыда келтірілген дамытушылық-түзету бағдарламасының үлгілі екенін атап көрсету қажет. Бағдарламаның тараулары әрбір нақты алынған баланың білімділік қажеттіліктерінен жеке алынып анықталады. Жеке бағдарламаны әзірлеудің үдерісі педагогтердің өзара әрекеттесуі мен шығармашылығын бағамдайды. Ешбір әдістемелік құрал нақты баланың барлық қажеттіліктерін дәл ескеруі мүмкін емес.

Ал сабақтардың нақты мазмұны мен режимі зерделеу барысында анықталған баланың негізгі қиыншылықтарындағы «ауырлық ортасын»

ескерумен таңдалады. Мәселе оның эмоционалдық күйінің аясында жатқанында (алаңдаушылық, қорқыныштар, күйзеліс күйі), ең алдымен, психологиялық-терапевтикалық ықпал көрсету әдістерімен жұмыс жүргізу қажет. Егер қорқыныштарында қоршаған адамдардың балаға деген қарсылық қатынасы түрінде шынайы негіз болса, онда әлеуметпен (мысалы, ата-аналарымен немесе мұғалімімен) осы көзқарасты өзгерту бойынша, сонымен бір уақытта баланың жауап қату түрін өзгерту бойынша жұмыс қажет. Егер баланың қорқыныш сезімі ерте балалық шағындағы бұрмаланулармен байланысты болса (отбасындағы қиыншылықтар, психологиялық жарақаттар, аурулары және т.б.), онда оның нәтижесі ретінде баланың жауап қату амалын анықтайтын оның жалпы беталысы ретіндегі сенімсіздігі шығады. Оны өзгерту де психологиялық терапияның әдістерімен орындалады.

Тұтас алғанда, күйзеліс күйі даму ресурсының болмауымен, яғни баланың когнитивтік және жеке өсуіне дайынсыздығымен сипатталады. Күйзеліс күйінен шығу балада осы ресурсты бара-бара «өсірумен» байланысты болуы тиіс, бұл да өз кезегінде психологиялық-терапевтикалық міндет болып табылады [21].

Егер мәселе әлеуметтік дағдылардың жете қалыптаспауымен және қатынас құрудағы қиыншылықтармен байланысты болса, онда коммуникативтік әлеуметтік-психологиялық тренингтің элементтері қолданылады.

Осылайша, қиын өмірлік жағдайға түскен балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына бағытталған: балаға, ата-аналарына (заңды өкілдеріне), педагогтерге. Білім беру мекемесінің жағдайында ұйымдастырудың негізгі нұсқасы ретінде психологиялық-педагогикалық консилиум шығады. Сүйемелдеудің табысты болуы, көп жағдайда, білім беру мекемесіндегі бала-ата-аналары-мұғалім өзара әрекеттестігін қамтамасыз ететін психологтің кәсіби құзыреттілігі деңгейіне байланысты.

Зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балалардың санаты

Балаға қатысты жасалған зорлық-зомбылық ең ауыр психологиялық жарақаттың бірі болып табылады. Зорлық-зомбылықты басынан кешкен балалар зорлық-зомбылықты еске алудың кез-келген түрінен қашқақтайды: әңгімелесуден, оны баланың есіне түсіретін орыннан немесе адамдардан. Нәтижесінде, олар өздерімен болған оқиғаны есіне түсіре бермейді, ал кейде зорлық-зомбылыққа қатысты жеке эпизодтар көптеген жылдарға амнезияға ұшырайды.

Бастан өткенді еске түсіретін ескертуден қашқақтау зорлық құрбаны болған балаларда жоғары дәрежедегі мазасыздықпен байланысты, әсіресе өзі, өз болашағы мен өз әрекеттерінің нәтижелері туралы толғаныстарды қамтитын жағдайлармен байланысты. Зорлықтан өткен балалар өздерін бүлінген, кесірлі, арам сезінеді. Олар үшін болашақтың келтелік сезімі тән.

Зорлық, сонымен қатар, бала бойында басқа адамдармен қатынас құру аясындағы беймаздығының (әлеуметтік үрейліктің) өсуіне жетелейді. Бұл зорлықтың антропогендік жарақат – қатынаспен байланысты жарақат болып табылатынымен байланысты. Зорлықты басынан кешкен бала, бір жағынан, адамдар арасындағы ерік берілген және берілмегені туралы анық түсініктерін жоғалтады, екінші жағынан, өзінің теріс тәжірибесіне негізделіп, ол не басқа адамдардың тиіскенін күтеді, не өзі агрессор жағдайына өтеді. Зорлықтан өткен бала, жарақат алған соң, едәуір реактивті, ашулы, қозғыш болып шығып, өзінің аффективтік ашуын бақылауда ұстай алмай, нәтижесінде өзінің жүріс-тұрысын болжамдай алмай, өзіне өзі сенімсіз болып қалады.

Одан былай, орын алған оқиғада өзге адам кінәлі болады – ата-анасы немесе балаға басқа да жақын адам. Зорлықты басынан өткізген бала қоршаған адамдар оған зиян келтіретінін жорамал етіп, адамдарға қатысты сенімсіз және сақ болады. Басқа балалардың ортасында ол жиі өзін «бөтенсініп», жалғыз сезінеді.

Зорлықты басынан кешу баланың үйреншікті дүниесінің қирауына жетелейді. Ол енді ешқашан өзін өз үйінің қабырғасында қауіпсіздікте сезінбейді, өзін жақын адамдары сатып кеткеніндей сезінеді.

Орын алған жағдайды зорлық құрбаны болған балалар суреттерінде көрсетуі мүмкін: олардың суреттерінде жыныстық легі болады немесе агрессия мен зорлық көріністері көрсетіледі. Сонымен қатар, олар өзге балалардан жиі өз отбасы суретін салудан бас тартады. Ондай суреттер мамандар үшін дабыл белгісі ретінде шығып, балаға оған жасалып отырған зорлықтың мүмкін болуын анықтау үшін қосымша диагностика шараларын өткізу қажеттілігі туралы түрткі ретінде қарастырылуы керек [22].

Осылайша, балаға жасалатын зорлық ең ауыр психологиялық жарақат түрі болып табылады, оның салдары баланың жеке тұлғасының барлық қырларына қатысты. Бұл жағдайда зорлықтан өткен балалар психологиялық көмектің дер кезінде және лайықты көрсетілуін аса қажетсінетінін ескеру керек.

Ересектер, сонымен қатар құрдастары жағынан көрсетілетін зорлықтың құрбаны ретінде жиі шығатын балалар:

- қадағалаусыз, тастанды және эмоционалдық шеттетілген жағдайда тәрбиеленетін балалар, сонымен қатар психологиялық-физиологиялық тұрғысында артта қалған, жеңіл иланғыш, қауіп дәрежесін бағалай алмайтын, зорлыққа төтеп бере алмайтын балалар;

- сөзсіз бағыну жағдайында тәрбиеленіп жүрген, «жоқ» дей алмайтын, зорлыққа төтеп беруге қабілетсіз, қорқақ, беймаза балалар;

- психологиялық-жүйке бұзылыстары бар балалар (олигофрения, жеке тұлға бұзылыстары бар – есалаң, бас миының органикалық зақымдалуы салдары бар және т.б.);

- жас болғандықтан дәрменсіз балалар;

- шала туылған немесе туылғанында кем салмағымен туылған балалар (әдетте олар едәуір ызақор болып, көбірек жылап, ата-аналарына көбірек қиындық көрсетеді).

Зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балалармен жұмыс жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар

Зорлық құрбандарына көмек көрсетудің мақсаты – олардың басынан кешкен жарақатының теріс ықпалын келешек дамуына тигізер ықпалын азайту, мінез-құлығындағы ауытқулардың алдын алу, қоғамдағы оңалтуды жеңілдеті.

Балаларға және олардың ата-аналарына практикалық көмек келесі негізгі бағыттарында көрсетіледі:

- балалармен жүргізілетін түзетуші-психологиялық жұмыс;
- балалар мен олардың ата-аналары арасында бірлескен жаттығуларды өткізу.

Осы мақсаттарды басшылыққа алып, педагогтер келесідей тактикалық міндеттерді шешуі тиіс:

- бала, оның отбасы, қызығушылықтары, зорлық жағдайлары туралы ақпаратты жинақтау. Баламен сұхбаттасу кезінде тек баланың, ешбір жағдайда күш көрсетусіз өзі хабарлап отырған мәліметтерін ғана пайдаланады;

- психологпен бірлесіп, зорлық құрбанының психологиялық денсаулығы деңгейін бағалайды және көмектің басқа түрлерін қажетсіну көрсеткіштерді анықтайды;

- туындаған мәселелерді шешу үшін едәуір лайықты пайдалану мақсатымен баланың жеке психологиялық ерекшеліктерін зерделейді;

- баланың мәселені өз бетінше шешуін қамтамасыз ететін жасырын психологиялық ресурстарын шоғырландырады;

- жеке үйлесімсіздік және әлеуметтік икемсіздігін түзетуді орындайды;

- жеке тұлғаның келешек дамуындағы негізгі бағыттарды анықтайды;

- отбасының өзге мүшелерін, туыстарын, құрдастарын, сенімді және референтті тұлғаларды зардап шеккен балаға психологиялық қолдау көрсетуге тартады.

Балаларға қатысты зорлық көрсетудің мәселесі әлдебір мамандарға жүгінуге тікелей себеп болуы сирек кездеседі. Жиі жағдайда зорлық өзге мәселелермен жұмыс жасағанда анықталады, мысалы: мінез-құлығындағы өзгерістер, мінез-құлығы мектептегі икемсіздік, отбасындағы даулар, сабаққа келмеу және т.б. балаға көрсетілетін зорлықтың маркерлерін анықтауға болады (2-қосымша).

Зорлық анықталатын барлық жағдайларда маңызды міндеттердің бірі – оқиғаның диагностикасын жүргізу және интервенцияның қажетті дәрежесін бағалау (адамның жеке кеңістігіне психологиялық араласу, ал оның мақсаты – белгілі оң өзгерістерді ынталандыру). Бұл жағдайда балалардың жасы өте маңызды: неғұрлым бала жас болса, соғұрлым ол қорғанысты талап етеді.

Жасөспірім жасында балаға көрсетілетін зорлықтың мінез-құлық және психологиялық индикаторлары ретінде девиантты мінез-құлығының тұтас спектры шығады.

Балаға қатысты зорлықты анықтауда жұмыс үш бағытында көрсетіледі:

- медициналық;

- психологиялық-терапевтикалық;
- әлеуметтік.

Әр педагог білім беру әкімшілігіне балаға көрсетілген зорлықтың белгілі болғаны туралы ақпараттың дер кезінде жеткізілмеуінің салдары ретінде (жағдайға байланысты, соның ішінде балаға қатысты қылмыстық әрекеттердің орын алуы салдарынан оның өміріне және денсаулығына қауіп төнгені) тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық шара қолданылуына жетелейтінін есте сақтау керек. Балаларға қатал қарау жағдайларын дер кезінде анықтау және қатал қарағаннан зардап шеккен балалар мен жасөспірімдерге көмектің шұғыл көрсетілуі олардың өмірі мен денсаулығын сақтауға мүмкіндік беріп, олардың оңалуы мен қорғанысын, қажетті көмекті қамтамасыз етеді.

Суицидке бейім балалардың санаты

Суицидент-балалардың жалпы белгілері болатындары:

- мектепте оқуындағы қиыншылықтар;
- соматикалық-вегетативтік симптоматиканың кең спектрі;
- бейімделуге қиын баруы;
- эмоционалдық және мінез-құлығындағы бұзылыстар;
- мінезіндегі акцентуацияның болуы: лабильді-сензитивті, истериоидты-қыр көрсету және шизоидты түрлері;
- қатынас аясындағы қиыншылықтар;
- өзіне қол жұмсаудағы жеке мәнінің бара-бара қалыптасуымен икемсіздіктің полиморфтылығы;

Балалардағы суицидальдық мінездік ерекшеліктері:

Суицидальды мінез қатері психологиялық-әлеуметтік бейімделуінде бұзылыстар бар балалардың басым санында анықталады. Ер балаларда суицидальдылық «шыңы» 9-34 жас аралығына, ал қыз балаларда 15-18 жас аралығына түседі.

Жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктерінің дамуы барысында қалыптасатын тәрбелеу және оқытудың шарттары мәнді психологиялық жарақат беретін жағдайларға, психикалық бейімделуінің икемсіз нұсқаларының клиникалық көрінісіне және күйзеліс жағдайындағы мінез-құлығының стратегиясы алғышарт болады.

Тұқым қуалайтын қолайсыздығы және жеке тұлғаның эмоционалдық-жігерлілік аясында бұзылыстары бар балаларда суицидальды мінез-құлықтың дамуында едәуір жоғары қатер анықталған.

Балалардағы суицидальды ерекшеліктерді білу балалар ортасындағы суицидальдық мінез-құлықтың алдын алудағы және оны түзетудегі негізгі бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді. Педагогтерге, ата-аналарға, сынып жетекшілеріне суицидтің алдын алу үшін осыған назар аудару қажет.

Жасөспірімнің немесе баланың жүріс-тұрысына әсерін тигізетін кез-келген күтпеген және қайғылы өзгерістер, баланың оқу үлгеріміндегі, мектепке барып жүруіндегі және мінез-құлығындағы кез-келген кенеттен орын алған және елеулі өзгерістерді қатаң назарға алу қажет.

Суицидке бейім балалармен жұмыс жүргізудегі әдістемелік ұсынымдар

Қазіргі кездегі әлеуметтің суицидгендік факторларының соншалықты алуан түрлі болғаны, оларды тек мектеп шеңберінде және мектеп психологтарының және әлеуметтік педагогтердің күшімен алдын алу мүмкін емес екенін айта кеткен орынды. Сәйкесінше, міндет өзіне өзінің қол жұмсауын шектеуді, оның алдын алуға үйренуді көздейді. Бұл міндет күрделі, ауқымды әлеуметтік бағдарламаларды талап етеді, өйткені оны шешу үшін қоғамдық қатынастарда микро-, макро- әлеуметтік деңгейлерде оң ілгерілеулерге қол жеткізу қажет.

Мұғалім немесе ата-аналар балалардың өз өздеріне қол жұмсауын болдырмау үшін қандай шара қолдану керек?

- жасөспіріммен қарым-қатынасты сақтап қалу. Ол үшін жасөспірімдермен қатынастардың авторитарлық стилін ұстанудың тиімсіз және керек десе, қауіпті болатынын есте сақтау керек. Асыра тыйым салу, еркіндігіне шектеу қою және жазалаулар жасөспірім бойында жауап ретінде агрессияны немесе аутоагрессияны (яғни, өзіне бағытталған агрессияны) тудыруы мүмкін. Жасөспірім шағында өзара әрекеттесудің қалаулы нұсқасы ретінде мәмілеге келу шығады. Егер шектеулер қажет болса, оның тиімділігі туралы түсініктеме беруге уақыт аямай дайын болған жөн;

- сыныпта, үйде достықты қолдайтын ахуалды қалыптастыруға ықпал ету, оқушыларды бірлескен әріптестікке бағдарлау;

- егер сіз сынып жетекшісі болсаңыз, сыныпта мектеп психологының жұмысына сыныптағы буллингтің алдын алу және оны диагностикалау бойынша кешенді бағдарламаларды түзу және оны іске асыру жолымен бастама беріңіз; әр баланың жайлы уақыт өткізуін қамтамасыз ету мақсатымен сыныпта қолайлы ахуалды орнатуға ықпал етіңіз.

Психолог жұмысына арналған әдістемелік ұсынымдар

- психологиялық жарақаттану жағдайындағы психологиялық кернеуді түсіру;

- суицидальдық мінез танытуына себеп болған жағдайдан психологиялық тәуелділік сезімін азайту;

- мінез-құлықтың өтемдеу механизмдерін қалыптастыру;

- өмір мен өлімге лайықты көзқарасты қалыптастыру;

- мектеп әкімшілігімен және психологымен бірлесе отырып буллингтің алдын алу бойынша кешенді шараларды әзірлеу.

Оралман отбасыларынан шыққан балалардың санаты

Мекен-жайын өзгерту нәтижесінде жиі жағдайда балалар өте ауыр халге түседі. Көптеген ата-аналар, мекен-жайын өзгертумен байланысты маңызды өмірлік мәселелерді шешуге тырысып, баланың толғаныстарына мән бермейді, бұл өз кезегінде, уақыт өтісімен, ауыр психологиялық бұзылыстарға өтіп, келешек өмірінде бірнеше рет көрініс беруі мүмкін. Осы бұзылыстардың негізгі бөлігі баланың білім беру мекемесінде жүрген жағдаймен байланысты. Жаңадан қоныс тепкен аймақтың тілі мен мәдениетін білмеуі мектеп пәндерін меңгеруде өзге оқушылардан артта қалуына, жайсыздық сезіміне жетелейді.

Бұрынғы құндылықтарды ұстаушылыққа ұмтылысы мектепте оларға қосымша қиыншылықтарды тудырады. Ал оралмандар отбасынан шыққан балалардың қазақстандық білім беру жүйесіне бейімделуіне арналған мамандандырылған білімділік бағдарламалардың болмауы түрлі сипаттағы өзекті мәселелерді алға тартты, олар тұрмыстық, психологиялық-педагогикалық болуы мүмкін, нәтижесінде осының барлығы психологиялық-әлеуметтік және педагогикалық икемсіздікке жетелейді. Оралмандар отбасынан шыққан балалардың көбісі оқуға қанағаттанарлық көзқарасын, әлсіз бстамашылық қасиетін, жеке дамуындағы ауытқуларды (өзін-өзі төмен бағалауды, жоғары тынышсыздықты, көңіл-күйінің, белсенділігінің төмендігін танытады; ашушаңдылықтың, мінез-құлықтың бұзылыстары, мотивациялық-тұтынушылық аясындағы өзгерістер, өзге ұлт өкілдеріне теріс көзқарас орын алады), осының барлығы жинақтала келе, жеке тұлғаның толыққанды дамуын тежеп, тұтас сыныптағы атмосфераға тікелей әсерін тигізеді (3-қосымша).

Осыдан маңызды бір қорытынды шығаруға болады: оралмандар отбасынан шыққан балалар өмір тіршілігінің қалыпты жағдайларын қалыптастыруға, психологиялық денсаулығын нығайтуға және оралман-баланың жеке тұлғасының тиімді дамуына бағытталған кешенді шаралардың түзілуін қажетсінеді.

Оралмандар отбасынан шығып, қиын өмірлік жағдайға түскен балаларды анықтау және олардың мінезін түзету және олардың құқықтарын қорғау үшін мектеп пен әлеуметтік қорғау, қамқорлық және қамқоршылар, кәмелетке толмаған балалар істері олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар өкілдерімен бірлескен өзара әрекеттесуіне негізделген әдістер, баланың отбасы мен мектептегі қиыншылықтары туралы ақпаратпен алмасу анағұрлым тиімді болады;

Оралман отбасынан шыққан балалармен жұмыс жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар

Оралман-балалармен, оған қоса әлеуметтік көмекке мұқтаж нақты адаммен де, адамдар тобымен де, адам құқықтарын қамтамасыз ететін басқа да әлеуметтік институттармен де жүргізілетін жұмыс бірнеше бағытта іске асуы тиіс.

1. Әлеуметтік бағыт.
2. Педагогикалық бағыттағы жұмыс білім беру органдарымен, денсаулық сақтау органдарымен және құқық қорғау органдарымен тығыз байланыста іске асады.
3. Психологиялық бағыт.

Девиантты мінез құлыққа бейім балалармен жүргізілетін жұмыс

Отбасының қолайсыз жағдайы, маскүнемділік, құқық бұзушылық пен ата-аналардың селкостығы, бала тәрбиесіндегі дөрекілік нұсқалары, олардың адамгершілік ар-намысын төмен түсіру, оларға психологиялық және дене бітіміне зорлық көрсету қатер тобындағы балалардың пайда болуына және балалардың заңмен келіспеушілікке түсуіне негізгі себеп болады. Балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлығындағы бұзылыстар, олардың әлеуметтік икемсіздігі өзекті мәселе болып отыр.

Заңмен келіспеушілікке түскен балаларды келесі топтарға жіктеуге болады:

1. Қылмыс жасаған және сотпен түрлі қылмыстық жазаларға тартылған балалар.

2. Қылмыс жасаған және қылмыстық жазасынан немесе жауаптылығынан босатылған балалар.

3. Қоғамға құрамында қылмыстық белгілері бар қауіпті әрекет жасаған, бірақ қылмыстық жауапқа тартылу жасына келмеген балалар.

4. Қоғамға құрамында қылмыстық белгілері бар қауіпті әрекет жасаған, қылмыстық жауапқа тартылу жасына жеткен, бірақ психологиялық дамуында олардың өз әрекеттеріндегі (әрекетсіздігіндегі) нақты сипатты және қоғамдық қауіпті толығымен түсінуге немесе оларды басқаруға мүмкіндік бермейтіндей тежеуі бар балалар.

Девиантты мінез-құлыққа бейім жасөспірімнің әлеуметтік-психологиялық «бейнесі»:

Отбасындағы жағдай:

- бала мінезін бақылауды іске асырудағы қиыншылықтар;
- ата-аналар тарапынан тиесілі қадағалаудың болмауы;
- тәрбиедегі жүйесіздік.

Мектептегі жағдай:

• ең алдымен сабаққа қатыспауы түрінде көрініс беретіндей оқуға ынтасының болмауы;

- төмен деңгейдегі оқу үлгерімі;
- сыныпта нашар мінез-құлық көрсетуі;
- мұғалімдермен және сыныптастарымен қарым-қатынас құруындағы қиыншылықтар.

Құрдастарымен қатынастары:

• әлеуметке жат көзқарастары және беталыстары бар достары мен жолдастарының болуы, оның салдары ретінде, жақын қоршаған ортасында

әлеуметтік бейімделген құрдастарының кем саны немесе олардың мүлдем болмауы;

Психологиялық белсенді заттегілерді (ПБЗ) пайдаланудағы қиыншылықтар – есірткі/ішімдік:

- ішімдіктерді немесе есірткіні кездейсоқ немесе тұрақты пайдалануы;

Бос уақыты мен қызығушылықтары:

- бос уақытын өнімсіз жаратуы;
- бос уатының жеткілікті ұйымдастырылмауы.

Жеке қасиеттері мен мінезі:

- Гипер белсенділік, зейініндегі бұзылыстар;
- Физикалық агрессия;
- Вербальдық агрессия;
- ашуын білдірудегі сабырсыздық;
- өзін-өзі бағалаудағы қиыншылықтар (тым жоғары немесе тұрақсыз).

Құндылықтар мен әлеуметтік ұстанымдарының жүйесі:

• қиыншылықтың орын алғанын мойындауға және көмекке жүгінуге дайын болмауы;

- әлеуметке қарсы және қылмыстық ұстанымдарының болуы.

Кәмелетке толмаған бала дамуындағы әлеуметтік-психологиялық жағдай:

- отбасындағы қаржы немесе тұрмыстық қиыншылықтардың болуы;
- отбасында күшті эмоционалдық жарақат алуы;
- ата-аналарының ішімдік/есірткіге салынуы;
- ата-аналарында қылмыстық тәжірибесінің болуы.

Осылайша, кәмелетке толмаған құқық бұзушы дегеніміз – бұл ата-аналары бойынша «тәрбие беру құзыреттілігі» төмен деңгейде қалыптасқан отбасынан шыққан, мектепте қиыншылықтары бар (ең алдымен, оқуға ынтасының болмауы салдарынан), әлеуметке жат адамдармен қатынасы қалыптасқан, бос уақыты ұйымдастырылмаған бала. Оның ішімдікті және/немесе өзге де ПБЗ пайдаланудағы кездейсоқ немесе жүйелі пайдалануында тәжірибесі бар. Ол өзін өзі түсінуінде жоғары болмайтын дәрежесімен және құндылықты-нормативтік аясындағы, сонымен қатар эмоцияларын жігерімен басқарудағы қиыншылықтардың орын алуымен сипатталады. Отбасындағы қаржы, тұрмыстық, эмоционалдық қиыншылықтар кәмелетке толмаған баланың әлеуметке қарсы немесе қылмыстық бағдарының қалыптасуымен байланысты, бірақ, жинақтала келе, олар жеке тұлғаның қалыптасуындағы ерекшеліктермен бірлесе отырып, кәмелетке толмаған баланың заңмен келіспеушілікке түсуі қатерін арттыра түседі [23].

Девиантты мінез-құлық танытуға бейім балалармен жұмыс жүргізгенде мамандар қызметіндегі келесі бағыттарға назар аудару қажет:

1. Сынып жетекшілері: девиантты мінез танытуға бейім балаларды анықтау бойынша жұмыс жүргізуі; девиантты мінез танытудағы мүмкін себептердің алғашқы диагностикасын жүргізу; түзету жұмысының жоспарын түзуге қатысып, іс-шараларда өз бөлігін іске асыруы; алдын алу кеңесі мен психологиялық-педагогикалық консилиумының мүшелерін өткізілген іс-

шаралардың нәтижелілігі туралы хабардар етуі; алдын алу жұмыстарын жүргізуі қажет.

2. Әлеуметтік педагог: девиантты мінез танытуға бейім балаларды анықтау бойынша жұмыс жүргізуі; девиантты мінез танытудағы мүмкін себептердің алғашқы диагностикасын жүргізу; түзету жұмысының жоспарын түзуге қатысып, іс-шараларда өз бөлігін іске асыруы; алдын алу кеңесі мен психологиялық-педагогикалық консилиумының мүшелерін өткізілген іс-шаралардың нәтижелілігі туралы хабардар етуі; алдын алу жұмыстарына қатысуы қажет.

3. Педагог-психолог: девиантты мінез танытуға бейім балаларды анықтау бойынша жұмыс жүргізеді; девиантты мінез танытудағы мүмкін себептердің алғашқы диагностикасын жүргізуге қатысады; түзету жұмысының жоспарын түзуге қатысып, іс-шараларда өз бөлігін іске асыруы; алдын алу кеңесі мен психологиялық-педагогикалық консилиумының мүшелерін өткізілген іс-шаралардың нәтижелілігі туралы хабардар етуі; алдын алу жұмыстарын жүргізеді.

4. Пән оқытушылары: девиантты мінез танытатын балаларды анықтауға қатысады; сынып жетекшілерін девиантты мінез танытқан оқушылармен байланысты оқиғалар туралы хабардар етеді; білім алушылардың девиантты мінез танытуының алдын алу және болдырмау шараларын іске асыруға ат салысады; білім алушылармен сыныптан тыс жұмыс жүргізеді (спорттық секциялар, факультативтер, клубтар).

Қорытынды

Қазіргі күні инклюзивті білім беру жаһандық қоғамдық үрдіс болып отыр, ол барлық дамыған елдерде орын алып келеді. Инклюзивті білім беру көп қырлы үдеріс, ол білім беру жүйесіндегі барлық құрамдастардың қосылуын талап етеді.

Өткізілген мониторингтік зерттеудің нәтижелері бойынша республика аймақтарында, жалпы, ерекше білімділік қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне қосуда оң динамика орын алып отырғаны туралы қорытынды жасауға болады. Инклюзивті білім берудің кеңінен етек жайып, дамуындағы бетбұрыстары инклюзивті білім беруді іске асырып отырған білім беру ұйымдары секілді үдеріс қатысушыларының синхрондық жұмысындағы және олардың қызметін аудан, қала, облыс деңгейінде үйлестірудегі қажеттіліктерді көрсетті.

Жалпы, Қазақстан бойынша инклюзивті білім берудің орын алып отырған үлгілеріне, сонымен қатар Инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтарындағы және эксперименттік алаңшалардағы қызметке жүргізілген талдау республикамыздағы инклюзивті білім берудің келешектегі дамуы үшін келесідей ережелерді анықтауға мүмкіндік берді:

- Жергілікті атқарушы органдардың, соның ішінде Білім басқарламаларының қызметіндегі жүйелілік және мақсатқа бағынушылық;

- Елде инклюзивті білім берудің жергілікті енгізілуіне және дамуына ықпалын итгізетін ресурстық орталықтардың құрылуы, оларды ақпараттық, ғылыми-педагогикалық, материалды-техникалық және өзге ресурстарын үйлестіру және интеграциялау (кіріктіру);

- ерекше білімділік қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беру үдерісіне қарқынды қосылуын қамтамасыз ететін механизмдерді жетілдіру;

- ҮЕҰ (үкіметтік емес ұйымдармен) әлеуметтік серіктестікті дамыту, соның ішінде жалпы білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру кабинеттерін құру және қолдау;

- ерекше білімділік қажеттіліктері бар, үйде білім алатын балаларды жалпы білім беру үдерісіне қосудағы тәжірибені инклюзивті білім берудің бір үлгісі ретінде зерделеу;

- инклюзивті білім берудегі терминологияны жетілдіру.

Жүргізілген зерттеулер көрсетіп отырғандай, инклюзивті білім беруді дамыту үшін, жалпы білім беру және арнайы білім беру ұйымдарының, мемлекеттік басқару органдарының және қоғамның басқа да әлеуметтік институттарының жүйелі және өзара байланысты жұмысындағы қажеттілік бар. Одан басқа, инклюзивті білім берудің дамуындағы маңызды кезең ретінде Ресурстық орталықтардың қызметін инклюзивті білім беру үдерісіне қолдау көрсету және елдегі білім беру ұйымдарында инклюзивті білім берудің тиімді үлгілерін таратуда кеңейту шығады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Электронды ресурс - <http://wikipedia.org>.
2. Теория социальной работы / под общ. ред. И. Г. Кузиной. – Владивосток: Изд-во ДВГТУ, 2006. – 232 с.
3. Осухова Н.Г. Психологическая помощь в трудных и экстремальных ситуациях. М.: Академия, - 2005. - 288 с. (Высшее профессиональное образование) 2006
4. Концептуальные подходы к развитию инклюзивного образования в Республике Казахстан. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан Республики Казахстан.01.06.2015 г. № 348
5. «Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 08.08.2002 ж. № 345- II
6. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 114-IV Заңы
7. Состояние и проблемы семейного устройства в Казахстане: опыт приемных и гостевых семей: Методическое пособие. Рекомендовано Комитетом по охране прав детей Министерства образования и науки Республики Казахстан – Алматы, 2015. – 152 с.
8. Руководство по предупреждению насилия над детьми. / Под ред. Н.К.Асановой. – М.: Издательский гуманитарный центр ВЛАДОС, 1997. – 512 с.
9. Григорьев Д.В., Кулешова И.В., Степанов П.В. Личностный рост ребенка как показатель эффективности воспитания: методика диагностирования. М.; Тула, 2002.
10. Никитин В. А. Начала социальной педагогики : учеб. пособие. – М.: Флинта: Московский психолого-социальный институт, 1998. – С. 54.
11. Бала құқығының Декларациясы. 1959 жылғы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданған. 5 Бап.
12. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка – М., 2010 г.
13. Слюсарев Ю. В. Психологическое сопровождение как фактор активизации саморазвития личности : автореф. дис. ... канд. психол. наук. – СПб., 1992.
14. Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе. – М.: Совершенство, 1998. – 298 с.
15. Липский И. А. Педагогическое сопровождение развития личности: теоретические основания // Теоретико-методологические проблемы современного воспитания: сб. науч. тр. – Волгоград : Перемена, 2004. – С. 280–287.
16. Крылова Н.Б. Очерки понимающей педагогики. М.: Народное образование, 2003. 441 с.
17. Казакова Е. И. Система комплексного сопровождения ребенка: от концепции к практике. — СПб., 1998

18. Александровская Э.М., Кокуркина Н.И., Куренкова Н.В. Психологическое сопровождение школьников Учебное пособие для вузов. М.: Академия, 2002. - 208 с.

19. Битянова М. Р. Психология в школе: содержание и организация работы. М., 2000г.

20. Навайтис, Г. Профессиональная психологическая помощь подростку. – М.: Изд-во Модек, 2007 г.

21. Организация диагностической и психокоррекционной работы с детьми, оказавшимися в кризисных ситуациях. Авторы- составители: Осипова А. А, Чаусова Л. К., Мясникова М. Н., Гейденрих Л. А., Солтовец А. В.- Ростов-на – Дону, 2001.

22. Насилие в семье: Особенности психологической реабилитации: учебное пособие / под ред. Н.М, Платоновой и Ю.П. Платонова. – СПб.: Речь, 2004.

23. Трус И. Модель социально-педагогического сопровождения подростков с акцентуациями характера / И. Трус // Воспитание школьников. – 2003. - №3.

Мазмұны

Кіріспе	3
1 Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытуда, тәрбиелеуде, дамытуда және әлеуметтік бейімдеуде психологиялық-педагогикалық қолдау ерекшеліктері	4
2 Инклюзивті білім беру жағдайындағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды педагогикалық қолдау	14
3 Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қолдау моделін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар	19
Қорытынды	36
Қолданылған әдебиеттер тізімі	37

Введение

В современный период развития общества приходится констатировать небывалый динамизм всей социальной жизни, для которого характерны, с одной стороны, интегративные процессы (развитие технико- технологических систем, информационно- коммуникативных средств и т.д.), сближение людей, а с другой – наблюдается изоляция, автономизация человека.

Проблемы, стоящие перед человеком, напряженность жизни, высокая степень динамичности требуют как повышения активности, так и инициативы, самостоятельности, ответственности.

В связи с этим современная социальная ситуация выдвинула на передний план компонент осмысления жизни как таковой и осмысления вечных проблем жизни, стоящих перед каждым новым поколением и перед каждым отдельным человеком и требующих индивидуального решения вне зависимости от решения, произведенного общечеловеческой мыслью, отраженной в аккумуляторах культуры.

В современной социально-экономической ситуации молодое поколение в большинстве своем оказалось без надежных социальных ориентиров. Неприемлимость традиционных форм социализации, основанной на социальной предопределенности жизненного пути, требует личную ответственность молодых людей за свою судьбу, поставив их перед необходимостью выбора. В этой ситуации неготовность большинства из них включиться в современные общественные отношения инициирует круг наиболее важных проблем, характерных именно для воспитания и обучения молодого поколения казахстанцев с учетом реалий современной жизни.

Сегодня в условиях сложного этапа социального развития, смены системы ценностей и социальных норм, возрастает значимость психолого-педагогической поддержки ребенка. Изменяется целая парадигма взаимоотношений педагога с детьми: вместо «ученик-учитель», рождается парадигма «человек-человек».

Психолого-педагогическая поддержка – процесс совместного с ребенком определения его собственных интересов, целей, возможностей и путей преодоления препятствий, мешающих ему сохранить человеческое достоинство и самостоятельно достигать желаемых результатов в обучении, самовоспитании, общении, образе жизни.

